

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті
Педагогикалық технологиялар институты
Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы**

**ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН
ЖАТТЫҒУЛАР ЖИНАҒЫ
(СИНТАКСИС)**

Аймуханова А.А., Үрістенбекова Г.К.

Ақтау - 2009

ӘОЖ 801.5:809.434.2 (075)

Практикалық қазақ тілінен жаттығулар жинағы (синтаксис). Әдістемелік-көмекші құрал. Құрастырған: А.А.Аймуханова, Г.К.Үрістенбекова. Ақтау, 2009. - 48 бет.

Пікір жазғандар:

Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының
доценті, ф.ғ.к. Ә.Д.Қабылов
Маңғыстау «Болашақ» институтының
доценті, ф.ғ.к. Б.Қ.Ақбердиева

Қазақ тілін үйренуге септігі тиетін бұл әдістемелік құрал әртүрлі тапсырмалар мен жаттығулар орындау, мәтіндерді аудару, өз бетімен сөйлем құрастыру, өлеңдерді жаттау, мақал-мәтелдермен жұмыс жасау, сөздіктерді пайдалана білуге үйрету негізінде құрастырылды.

Бұл еңбек жоғары оқу орындарының барлық мамандықтарында оқитын бастауыш топ студенттеріне қазақ тілін оқытуға, үйретуге арналып жазылған.

Әдістемелік құрал оқытушыларға, студенттерге және барлық тіл үйренушілерге қосымша көмекшілік қызмет атқарады.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды.

©Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік
технологиялар және инжиниринг университеті, 2010

АЛҒЫ СӨЗ

Қоғам дамуындағы болып жатқан оң өзгерістер мен сандаған жаңалықтар тілдің қарым-қатынас жасауда аса маңыздылығын, өміршеңдігін танытып отырғандығы аян. Сондықтан да, қазақ тілін мамандыққа қатысты қарым-қатынас, байланыс жүйесімен оқыту – тіл үйретудің бірден-бір жетілген әдістемелік негізі болып табылмақ. Ғылым мен әдістемелік саласындағы соңғы жетістіктерге сүйене отырып, жоғары оқу орындарында қазақ тілі саналы меңгертіліп, оны тәжірибе жүзінде шығармашылықпен пайдаланып, іске асырылуы тиіс.

Ұсынылып отырған еңбек «Практикалық қазақ тілі» пәні оқытылатын орыс бөлімдеріне арналған.

Бұл әдістемелік көмекші құралда қазақ тілінің синтаксис саласы бойынша жаттығулар жинағы топтастырылған.

Әрбір жекелеген тапсырмалар соңында халқымыздың ауыз әдебиетінің аса бай қазынасының бірі болып саналатын мақал-мәтелдер де студент ізденуіне беріліп отыр. Мақал-мәтелді қолданып отыру дағдысын қалыптастыру, тақырып бойынша әңгіме құрастыру, шығармалар жаздыру арқылы тіл дамыту, өлеңдер жаттату, өлеңнің мазмұнын қара сөзбен айтқызу, мәнерлеп оқыту, сөздердің толық мағынасын жете түсіну, сөйлемдерге синтаксистік талдауды сауатты меңгерту мақсаты көзделген.

Кейбір жекеленген тақырыптардың мазмұнына байланысты сұрақтар, тапсырмалар, жаттығулар, студенттердің өз ойларын жинақтап, сөйлем құрастыра білу, тұтас мәтіндерге аударма жұмыстарын жүргізу де ескерілген.

Әдістемелік көмекші құралда қамтылған тапсырмалар қазақ тілін тез үйренуге, ауызекі сөйлесу тілін меңгеруге, есте сақтауға арналған

Демек, ұсынылып отырған еңбек оқытушыларға да, студенттерге де көмекші құрал ретінде пайдалануға болады.

СИНТАКСИС

§ 1. Сөз тіркесі. Сөздердің байланысу түрлері.

Синтаксис – грек тілінен алынған термин, қазақша «құрау», «құрастыру» (составлять) немесе «ретке келтіру» (приводит в порядок) деген мағынаны білдіреді.

Синтаксис – грамматиканың морфология секілді өзекті бір саласы. Грамматиканың синтаксис саласының қарастыратын негізгі мәселелері: сөз тіркесі мен сөйлем, олардың құрылымы мен түрлері, сөз тіркесі мен сөйлемдегі сөздердің байланысу тәсілдері мен формалары болып саналады.

Қазақ тілінің синтаксисі 3 салаға бөлінеді:

- сөз тіркесі синтаксисі;
- жай сөйлем синтаксисі;
- құрмалас сөйлем синтаксисі.

Сөз тіркесі – толық мағыналы, кем дегенде екі сөздің өзара әрі тұлғалық жағынан, әрі мағыналық жағынан байланысуы.

Синтаксистік еркін сөз тіркестерін күрделі сөздермен және тұрақты сөз тіркестерімен шатастырмау қажет.

Лексикалық сөз тіркестері		Синтаксистік еркін сөз тіркесі
<i>Күрделі сөздер</i>	<i>Тұрақты сөз тіркесі</i>	
<i>Темір жол, бала бақша, қара торы, жиырма бес, ...</i>	<i>Қас пен көздің арасында, тонның ішкі бауырындай, ...</i>	<i>Осы жер, мәнерлеп оқу, ерте келді, қазақтың баласы, ...</i>

Сөз тіркестерінің алғашқы (бағыныңқы), соңғы (басыңқы) компоненттерінің қай сөз табынан болғанына қарай олар **есімді** және **етістікті** сөз тіркесі деп бөлінеді.

Синтаксистік еркін сөз тіркесі	
Есімді сөз тіркесі	Етістікті сөз тіркесі
<i>Алтын Жаңа Екі Мына Табылған</i>	<i>Ол Кітапты Үш рет Мәнерлеп Кеше</i>

Қиысу	Меңгеру	Матасу	Қабысу	Жанасу
<i>Сөздердің өзара жіктік жалғау не жақтық, көптік жалғауы арқылы байланысуы.</i>	<i>Бағыныңқы сөздің басыңқы сөзбен атау, ілік септіктерінен басқа септік жалғауларының бірінде тұрып байла-</i>	<i>Ілік септігіндегі сөздің тәуелдік жалғауындағы сөзбен өзара байланысуы.</i>	<i>Бағыныңқы сөздің басыңқы сөзбен атау тұлғада тұрып байланысуы.</i>	<i>Орны жағынан басыңқы сөзбен қатар тұратын атау тұлғадағы бағыныңқы сөздің ашақ тұрып-ақ еркін байланысуы.</i>

	<i>нысуы.</i>			
<i>Мен студент- пін, ...</i>	<i>Сабақтан кел- дім, ...</i>	<i>Біздің ұстазы- мыз, ...</i>	<i>Қызық кітап, бес емтихан, ...</i>	<i>Ертең бара- мын, ...</i>

№ 1 – жаттығу. *Сөйлем ішіндегі сөз тіркестерді тауып, олардың есімді сөз тіркесі не етістікті сөз тіркесі екенін анықта. Сөз тіркестеріндегі сөздердің байланысу түрлерін ажырат.*

1. Бір табын сиырды айдалаға айдап тастап, қалаға қашып бара жатсаңыз, көзіңіз шаңырақтай болады екен. 2. Ол жаққа екі-үш жүзге тарта жігіт кетіп еді. 3. Шығыс жаққа қараған терезенің алдында қос тізерлеп Абай отыр. 4. Қазір ол – мал дәрігері. 5. Көзімнің қарасы, көңілімнің санасы, бітпейді іштегі ғашықтық жарасы. 6. Үш көрпенің екеуі қонақ астында, үш жастықтың екеуі қонақ шынтағында. 7. Төбеде жүрген жау самолеті сирей бастады. 8. От жағылған екі темір пеш түксиіп тұр. 9. Елім менің жерге бай, айдынды шалқар көлге бай. 10. Бүгінше демал, ертең Қызылжарға аттанатын бол. 11. Қараңғы түнде тау қалғып, ұйқыға кетер балбырап. 12. Жасымда ғылым бар деп ескермедім, пайдасын көре тұра тексермедім. 13. Ағам мені Қостанайға дейін шығарып салды. 14. Ләззат терезенің алдында тұр.

№ 2 – жаттығу. *Берілген сөйлемдер ішінен қиысу арқылы байланысқан сөз тіркестерді теріп жаз. Ондағы сөздердің қай сөз табынан болғанын айт.*

1. Шәкірттер өсіп қанат қақты. 2. Біз тапсырманы орындадық. 3. Қысқа дайындық жақсы жүріп жатыр. 4. Сөзім – шекер, тілім – бал. 5. Жанқанат газетті үзбей оқиды. 6. Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады. 7. Ол Қанат пен Нұрбибінің үйін нұсқады.

№ 3 – жаттығу. *Берілген сөйлемдер ішінен меңгеру арқылы байланысқан сөз тіркестерді теріп жаз. Ондағы сөздердің қай сөз табынан болғанын айт.*

1. Жерді трактормен жыртады. 2. Егінді комбайнмен жинайды. 3. Бригада жұмысқа қызу кірісіп кетті. 4. Мен одан сөзді тоқтатуды талап еттім. 5. Ұжым тамаша табыстарға жетіп келді. 6. Ұстаздан шәкірт озар. 7. Жиналыста оқу-тәрбие жұмысын жақсарту туралы сөз болды. 8. Өзі қазақ тілінде судай сөйлейді. 9. Жәнібектің мұрны да, көзі де, бет-бейнесі де, басы да атасына тартқан.

№ 4 – жаттығу. *Берілген сөйлемдер ішінен матасу арқылы байланысқан сөз тіркестерді тап. Оларды түрлеріне қарай (жай матасу, күрделі матасу) екі бөліп жаз.*

1. Жаздың жайлы кеші. 2. Қыстың қаһарлы боранды күні. 3. Бүркіттің де, сенің де басыңды қатырып әуре қылдым. 4. Менің қарындасым, Ш.Есенов атындағы университетте оқып жүрген Марзия. 5. Еуропаның теңіздері: Азов,

Солтүстік және Баренц теңіздері –балыққа бай. 6. Таза, тіпті ешбір кіршіксіз адам тәрбиелеу – Қазақстан Республикасы мектебінің міндеті. 7. Кит, әсіресе, оның көк кит деп аталатын түрі, өте үлкен жануар. 8. Қалың Қарауылдың ойын-тойының көркі Ақан болады.

№ 5 – жаттығу. *Берілген сөйлемдер ішінен қабысу арқылы байланысқан сөз тіркестерді тап. Оларды түрлеріне қарай (жай қабысу, күрделі) екіге бөл.*

1. Бұл өлкеде мал қыста да қолға қарамайды. 2. Ол үшін жазда шұрайлы жайылымдарды тұяқ тигізбей сақтаймыз. 3. Бұған толық мүмкіндік бар. 4. Біздің отар қыстың көп уақытысын тебінде өткізді. 5. Бес жүз тоқсан сиыр өсіреміз. 6. Алыс жол атты сынайды, ауыр жол ерді сынайды. 7. Кешіккен жолаушы жалғыз екен. 8. Сұлу киім, жүйрік ат, құмай тазы, алғыр бүркіт Ақанда болады.

№ 6 – жаттығу. *Берілген сөйлемдер ішінен жанасу арқылы байланысқан сөз тіркестерді теріп жаз.*

1. Қорықпаймын енді мен аңыздан, желден, бораннан. 2. Мұнда мандарин де, лимон да, апельсин де өсіріледі. 3. Ақбілек әбден шаршады. 4. Мұрат пен Қайрат осында отыр. 5. Бүгін кешке үйге қонақтар келеді. 6. Әкем іссапардан кеше келді. 7. Биыл мен мектепті бітірдім.

№ 7 – жаттығу. *Мәтін ішіндегі сөз тіркестерді теріп, кестені толтыр.*

Қиысу	Менгеру	Матасу	Қабысу	Жанасу

1. Машина жақындаған сайын қала да қойнын ашып, көшелері кеңі береді. 2. Баста бірін-бірі онша жақсы білмесе де, осында келгеннен кейін, семьялары қатты араласып, туыстай боп кеткен еді. 3. Қараңғы бөлмеден қомағай көз қалада қарағанда, жалғыз келген жігіттің ақ жағасын көріп, жүрегі лүпілдеп соғып кетті. 4. Көл бетіндегі сырғанақшыларға бармақ болып, Асқар үйден шыққан соң, Айбала шай қоюға кірісті. 5. Ай жарығы көтерілген сайын нұры ағарып, көлеңке қысқара түсті. 6. Мен үйге келсем, Әбдірахманның қаладан келгенін естіп, үйдің іші қуанып отыр екен. 7. Шайқалған қымыздың иісі көш жерден мұрынға келеді.

§ 2. Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері.

*Біршама тиянақты ойды білдіретін бір сөзді я бірнеше сөздердің тіркесін **сөйлем** дейміз.*

Мағынасы мен мақсатына, айтылу сазына қарай қазақ тіліндегі сөйлемдер хабарлы, сұраулы, лепті және бұйрықты болып 4 түрге бөлінеді.

Біреу я бірдеме туралы ойды екінші біреуге жай хабарлап айтылған сөйлемді **хабарлы** сөйлем дейміз. Мысалы: Біз университеттің бірінші курсында оқимыз.

Қимыл иесінің күйін, қалпын, іс-әрекетін немесе басқа сапасын айқындауға жауап күтетін сұрай айтылған сөйлемді **сұраулы** сөйлем дейміз. Мысалы: Сіздің атыңыз кім?

Адамның әр түрлі көңіл-күйін білдіру мақсатымен қолданылатын сөйлем **лепті** сөйлем деп аталады. Мысалы: Айналаңа қарашы, қандай тамаша!

Біреуге бұйыру не бірдеңені талап ету мақсатымен айтылған сөйлем **бұйрықты** сөйлем деп аталады. Мысалы: Емтиханға 300 тест-сұрағы бойынша дайындалыңдар.

№ 1 – жаттығу. Мәтінді оқып, аудар. Сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай түрлерін анықта.

Көне әбдіре.

Біздің үйдің дәл төрінде кішкене әбдіре тұр. Өзі әбден ескірген. Сырлы өрнектері әлдеқашан өшіп, кей жері [...] қабыршақтанып, сынып түсіп қалған. Үйдегі өзге жарқыраған бұйымдарды бұзып тұрған жалғыз көне зат – осы! Сондықтан да мен оны жек көремін. [...]

Бірінші сыныпқа барған жылы мен әкеме:

- Үйімізде былғарыдан жасалған әдемі чемодандар толып жатыр ғой. Ана көне әбдіренің керегі не? Лақтырып тастайық, - дедім.

Әкем маған оқыс бұрылып, тесіле қарады да:

- Есіңде болсын, балам, екіншіде ол жайлы аузыңды ашпа, - деп кейіді де, құлағыма сыбырлап:

- Бұл әжеңнің шаң жуытпай сақтап келе жатқан мүлкі. Мұнда бәріміздің өмірбаянымыз жатыр. Сондықтан да сенің әжең, менің анам, оны көздің қарашығындай сақтайды, - деді.

Сол әңгімеден кейін мен көне әбдіре жайлы ойлауды қойдым. Қайта күн өткен сайын ол мені қызықтыратын болды. [...] Кей күндері әжем көне кобдиын ашады да, күні бойы тапжылмай отырып алады.

Бір күні мен әжеме келіп:

- Әже, тыныш отырып мен де қарайыншы. Мен енді оқушымын, ештеңені жыртпаймын, - дедім.

- Келе ғой, құлыным, - деп, мені алдына алды.

- Бұл әбдіре менімен жасты. Мұны әкем мен туғанда жасап, маған сыйлаған. Ал ішіндегілері – қажетті, қасиетті қағаздар. Кейін мен әбден қартайғанда, бұл әбдірені саған сыйлаймын, құлыным, - деді әжем.

Әжем әбдірені ашты. Іші толған қағаздар екен. Көбісі – сарғайған. Ұсақ-түйек суреттер де араласып жүр.

- Мынау сенің атаң мен екі ағаңнан келген «қара қағаздар». Мынау – солардың документтері. Мынау өзімдікі. Мынау сенің әжеңнің оқуға түскендегі, оқуды бітіргендегі қағаздары...

[...] Қасымызға әкем келді. Ол кішкене суреттерді ақтарып отырып, кенет былай деді:

- Шеше, әкем мен ағаларымның суреттерін үлкейтіп, төрге қойсақ қайтеді. Босқа тығулы жатқанша, біздің үйдің шаңырағының да ерлігін ел көрсін, ағайын танысын...

[...] Көп ұзамай біздің үйдің дәл төріне үлкейтілген үш сурет қыстырылды. Сол үш суреттің тура астыңғы жағына әжемнің көне әбдіресін қойдық. [...] Мен аталарымның атына кір келтірмей жақсы оқып, үлгілі болғым келеді.

(М.Токбергенов)

№ 2 – жаттығу. Мына сұраулы сөйлемдерді хабарлы сөйлемдерге, ал хабарлы сөйлемдерді сұраулы сөйлемдерге айналдыр.

I. 1. Сен баяндамаға дайындалдың ба? 2. Жеріміз енді көбейгелі тұрған жоқ па? 3. Басшысы болмаған елде елдік бар ма? 4. Арық адамның көзі өткір болады екен-ау? 5. Баянауыл сияқты жерді кім сүймейді?

II. 1. Бұл қыздың жасы он жетіге жаңа толды. 2. Бала атасының бетіне таңдана қарады. 3. Анау кезде отырғызылған жас шыбықтар көктеп қалыпты. 4. Өзінің жақсы көретін оқушыларының бірі Әділ екен. 5. Бүкіл ауылдың малы сол құдықтан суарылады. 6. Ақыры асыға күткен ұшу сәті де жетті.

№ 3 – жаттығу. Мына лепті сөйлемдер қандай көңіл-күйді білдіріп тұр?

1. Үзілмей, қатаймай соққан, бір қалыппенжелпіп соққан қоңыр салқын жел қандай рақат! 2. Мырзасын қарай гөр! – деді біреу мысқылды үнмен. 3. Мыңмың рақмет, атажан! Дос болса сіздей болсын! 4. Ой бағұс бала-ай! Қарғадай баламды тағы шырылдаттың-ау, қан ішер Майбасар! 5. Ана көк шөпке бауырыңды төсеп жатар ма еді! 6. Бұл туралы кеше айтпаған да екенсің! 7. Айналаңа қарашы! Қандай тамаша! 8. Ол неғылған оңбаған адам! 9. Мұндай сөздің кімге керегі бар!

№ 4 – жаттығу. Көркем әдебиет шығармалардан алынған мына үзінділердегі лепті сөйлемдер мен бұйрықты сөйлемдерді ажырат.

I. Төл өсір, малыңды бақ, күтіп бапта! Ел сенген, Отан сенген сенімді ақта!
(А.Токмағамбетов)

II. – Келші, қалқам, менің қасыма отыршы! Қарағым, мына баланы риза қылшы! Мына жұмысты тезірек бітірші! Сабыр біздің үйге келсінші!
(Ә.Әбішев).

III. Қандай ақылды адам! Тіпті ғажап қарқын! (Ғ.Мұстафин).

IV. – Ол неғылған оңбаған адам! Мұндай сөздің кімге керегі бар.

– Шіркін, Көкшетау! Шіркін, дүние сендей де жер бар ма екен!
(С.Мұқанов).

§ 3.1. Сөйлем мүшелері. Бастауыш.

Сөйлем мүшесі – белгілі бір сұраққа жауап беретін, толық мағыналы бір сөз, сөз тіркесі не күрделі сөз.

Сөйлем мүшелерінің сөйлемдегі мағынасына қарай олар екі топқа бөлінеді: - **тұрлаулы** (бастауыш, баяндауыш) – сөйлем құруға негіз болатын бас мүшелер, сөйлем атаулының грамматикалық ұйтқысы.

- **тұрлаусыз** (анықтауыш, толықтауыш, нысықтауыш) – тұрлаулы мүшелердің төңірегіне топтап не тікелей соларды, не бірін-бірі анықтап, толықтап, нысықтап тұрады.

Бастауыш – сөйлемдегі ойдың иесі, тірегі, ұйтқысы. Үнемі атау септігінде тұрады. Кім? Не? Кімім? Нем? Кімнің? Нең? Кімніңіз? Неңіз? Кімсі? Несі? деген сұрақтарға жауап береді. Кез келген сөз табынан жасалады.

Мысалы:

1	<u>Салиқа</u> қырман басына келді.	Зат есім
2	<u>Біз</u> жүріп келеміз.	Есімдік
3	<u>Жақсы</u> көпке ортақ.	Сын есім
4	Оларға <u>жолыққан</u> Сабыр екен.	Есімше
5	<u>Адам болу</u> – борышың.	Зат есім + тұйық етістік
6	<u>Өнер ғана</u> өрісіңді кеңейтеді.	Зат есім + шылау
7	<u>Шешесі</u> баласын қатты сағынып жүр.	Тәуелдік жалғаулы зат есім
8	<u>Жалқаудың ертеңі</u> бітпес.	Тәуелдік жалғаулы үстеу
9	<u>Сенің ойпырмайың</u> қашан қалады?	Тәуелдік жалғаулы одағай
10	<u>Жиырмасы</u> менікі, <u>отызы</u> сенікі.	Тәуелдік жалғаулы сан есім т.б.

Дара бастауыш – бір сөзден тұратын бастауыш.

Күрделі бастауыш – екі не одан да көп сөзден тіркесіп келетін бастауыш. Мысалы:

1	<u>Ертең канал қазу жұмысы</u> басталады.	Күрделі сөз
2	<u>Үй іші су сепкендей</u> басыла қалды.	Зат есім + көмекші есім
3	<u>Бір жүз қырық алты үшке тең</u> бөлінбейді.	Күрделі сан есім
4	<u>Дене шынықтыру денсаулық үшін өте керек.</u>	Зат есім + тұйық етістік
5	Менің <u>айтып отырғаным</u> – ақыл.	Көсемше + есімше
6	<u>Аудандық оқу бөлімі</u> жұмысқа кірісті.	Күрделі жалқы есім
7	<u>Еңбек еткен</u> ер атанар.	Зат есім + есімше
8	<u>Тоқпанов Хасен мырза</u> баяндама жасады.	Адамның фамилиясы, аты және «мырза» сөзі

№ 1 – жаттығу. Төмендегі мәтіннен бастауыштарды тауып, олардың қай сөз табынан жасалғанын анықта. Мәтінді аудар.

Киіз үй.

Киіз үй – Орталық және Орта Азия халықтарының негізгі баспанасы. Ол – көшпенділердің тез жығып, шапшаң тігуге, яғни көшіп-қонуға ыңғайлы үйі. Киіз үй біздің заманымыздан 3 мың жыл бұрын қола дәуірінен белгілі.

Оның сол кезден тарағанын Гоби Алтайындағы, Сібірдегі Баярқия, Қырымдағы тастарға салған суреттерден көруге болады.

Көшпенділердің киіз үйі – тарихымыздағы ең бірінші архитектуралық құрылыс. Киіз үйдің іші қыста жылы, жазда салқын. Сондықтан, шопандар да, туристтер де пайдаланады. Киіз үй жер сілкінісінде де ыңғайлы, өйткені ол оңайлықпен бұзылмайды. Қазақстан жер сілкінісінен зардап шеккен елдерге шатырдың орнына киіз үйлер апарып жүр.

№ 2 – жаттығу. *Сөйлемдердегі күрделі бастауыштарды тауып, олардың қан-дай жолмен жасалғанын көрсет.*

1. Ауылдың жаны – терең сай, тасыған өзен гүрілдеп (Абай). 2. Адам тілі тас жарар, тас жармаса, бас жарар. 3. Сен екеуіміз өлмейтін әке тауып алғанымыз жоқ па? 4. Қалалық оқу бөлімі жұмысқа қызу кірісіп кетті. 5. Білегі жуан бірді жығады, білімі толық мыңды жығады. 6. Менің айтып отырғаным – ақыл. 7. Жасы құрдас – құрдас емес, заманы бір – құрдас.

№ 3 – жаттығу. *Көп нүктенің орнына қажетті бастауыштарды қойып жаз. Мәтінді аудар.*

Бесік жыры.

... – ертеден келе жатқан, дүние жүзінің барша халықтарында бар өнер. Мұнда жырдың ... қатар айтылады. Олардың ... бесіктің тербелісімен үндес, балаға жағымды, сабырлы, бір қалыпты айтылады. ... жылаған баланы жұбату мақсатында айтылу керек. Сондықтанда онда «Жылама, балам, жылама. Ата-ананды қинама» деген ... айтылады. Бесік жыры арқылы ... баласының болашағы жөнінде ой-арманын айтып тәрбиелейді. Мысалы, бесікті тербетіп отырып: «Батыр болар ма екенсің», «Ақын болар ма екенсің» деген ... айтылады. Қазіргі қазақ ... көптеген жаңаша бесік жырын жазуда.

Қажетті сөздер: ол, ақындар мен сазгерлер, ата-ана, бесік жыры, сөздер, ырғағы мен әуені, ән мен сөзі, жыр жолдары.

§ 3.2. Баяндауыш.

Бастауыштың іс-әрекетін, жай-күйін, кім, не екендігін көрсететін, не істеді? не қылды? не етеді? қайтеді? кім? не? кімнің? қандай? қалай? қанша? т.б. сұрақтарға жауап беретін, сөйлем құруға негіз болатын тұрлаулы мүшені баяндауыш дейміз. Кез келген сөз табынан жасалады.

1	Мен биыл мектеп <u>бітірдім</u> .	Етістік
2	Мен енді <u>студентпін</u> .	Зат есім
3	Ер жігіттің екі сөйлегені - <u>өлгені</u> .	Есімше
4	Бүгін күн <u>жылы</u> .	Сын есім
5	Менің жасым <u>он сегізде</u> .	Сан есім
6	Менің 2 атам да, 2 әжем де <u>бар</u> .	«Бар», «жоқ» сөздері
7	Менің жұмыс орным <u>мында</u> .	Үстеу т.б.

№ 1 – жаттығу. Төмендегі сөйлемдерден баяндауыштарды тауып, олардың қай сөз табынан жасалғанын айт.

1. Ауыл жайлауға көшті. 2. Білген – тауып айтады, білмеген – қауып айтады. 3. Көрдім деген – көп сөз, көрмедім деген – бір сөз. 4. Еменнің иілгені – сынғаны, ердің екі сөйлегені – өлгені. 5. Натальяның қалағаны – Днепрдің Киевке жақындау бойындағы бір үлгілі балалар үйі. 6. Әлкей басқа балалар сияқты ойынға көп елікпейді. 7. Қасындағысы – жыртық шапанды, жүдеу жүзді, жалаң аяқ, аяғын қалың күс басқан 10-11 жасар бала. 8. Бізді ешкім таныстырмады, өзіміз танысайық. 9. Ағаш көркі – жапырақ, адам көркі – шүберек. 10. Әскери адамның өңі суық, сөзі қысқа. 11. Біз топта бесеуміз. 12. Басқаға үлгі болатын сен. 13. Жылқыда өт жоқ. 14. Ұлан-байтақ жеріміз бар. 15. Біздің баратын жеріміз әлі алда.

№ 2 – жаттығу. Мына мақал-мәтелдердің тыныс белгілерін қойып көшір.

1. Су диханның қаны жер диханның жаны. 2. Еңбек ердің сәні. 3. Еңбек түбі береке. 4. Халықтың ортақ үйі Отан. 5. Бірлік бұзылмас қамал. 6. Білім таусылмас бұлақ өнер өмірлік мұрат. 7. Өнерлі өрге жүзеді. 8. Ақыл көпке жеткізер өнер көкке жеткізер. 9. Ер дәулеті еңбек. 10. Ырыс алды ынтымақ.

№ 3 – жаттығу. Көп нүктенің орнына қажетті баяндауыштарды қойып жаз. Мәтінді аудар.

Ине.

Ине бұдан 10 мың жыл бұрын Ине ағаштан, сүйектен, қоладан, содан соң темірден Ал бай адамдар күмістен Болаттан істелген тұңғыш инені Еуропаға арабтар ХҮІ ғасырда Францияда сым созатын машина ойлап табу ине, түйреуіш жасау ісіне үлкен жаңалық Қазір ине химиялық құрамы өте күрделі, сапалы болаттан

Қажетті сөздер: жасалады, жасалған, жасатқан, пайда болған, енгізді, әкелген.

№ 4 – жаттығу. Төмендегі сөйлемдерді көшіріп жаз. Дара баяндауыштардың астын – бір, күрделі баяндауыштардың астын – екі сыз.

1. Өз аты Дәрмен екен. 2. Содан бері бір қыс, екі жаз өтті. 3. Хакім қуанып кетті. 4. Екеуі қатарласып жүре береді. 5. Абай бұл арада үндеген жоқ. 6. Олай-бұлай жүгіріп жүрген адамдарды көрді Лиза. 7. Бес үйдің басты адамдарының бәрі де осында. 8. Осы кезде Айқыз ірілеу бір тасқа келіп, жармасып жатыр еді. 9. Мүйізінен шап беріп ұстады да, сол қалпы қатты да қалды.

§ 3.3. Толықтауыш.

Сөйлемде толықтайтын мүшесімен барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінің бірінде тұрып және онымен заттық ұғымда байланысатын, негізінде баяндауышқа қатысты болатын сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі **толықтауыш** деп аталады.

Толықтауыш аталған септіктердің кімге? неге? кімді? нені? кімде? неде? кімнен? неден? кіммен? немен? деген сұрақтарына жауап береді.

Толықтауыштар зат есімнен, есімдіктер мен заттанған басқа сөз таптарынан жасалады. Толықтауыштар мағынасы мен тұлғасына қарай тура және жанама болып екіге бөлінеді.

Тура толықтауыш – сөйлемде сабақты етістіктен болған мүшеге меңгеріліп тұрған табыс септігіндегі сөз. Мысалы: Жауды аяған жаралы қалады. Мен бұл кісіні танымын.

Жанама толықтауыш – сөйлемде атау, ілік, табыс септіктерінен басқа септіктерде тұрып толықтауыштың сұрауына жауап беретін сөз.

Мысалы: Мен апама көмектестім. Машина бензинмен, газбен жүреді.

№ 1 – жаттығу. Мәтіндегі тура толықтауыштарды көрсет. Мәтінді аудар.

Су бетіндегі бақшалар.

Үндістанның солтүстігінде, табиғаттың тамаша бір қолайлы жерінде, Кашмир аңғары бар. Бұл өлкенің халқысу айдындарын, көлдерді керемет пайдаланады. Су балдырлары мен қамыстарды қосып өріп, үлкен салдар жасайды. Осы салдардың үстіне қара топырақ төсеп, үстіне бақша өсімдіктерін отырғызады.

Мұндай бақшаларға су құюдың керегі жоқ, өйткені өсімдіктің тамырлары тоқылған балдырлар мен қамыстар арқылы өтіп, суға тиіп тұрады. Жеткілікті күннің қызуы мен мол судың арқасында жергілікті халық жылына екі рет өнім алады. Судың бетінде қалқып жүрген бақшалар – бұл жердің негізгі кәсібі.

№ 2 – жаттығу. Мәтіндегі жанама толықтауыштарды көрсет.

Қолшатыр.

Қолшатырды басына көтеріп жүру бұдан бірнеше мың жыл бұрын Шығыс елдерінде пайда болған. Оны байлығын көрсету үшін Египет фараондары, Қытай алпауыттары ұстайды екен. Қолшатыр алтынмен, асыл тастармен, гүлдермен, тіпті құс қауырсындарымен де әсемделген.

Еуропада қолшатыр пайда болғанына бірнеше ғасыр болды. Ол күннен, жауыннан қорғайтын тамаша құрал саналады. Алғашқы қолшатыр теріден жасалды, әрі ол ауыр болған.

XIX ғасырдың ортасында осы күнгі қолшатырды енгізгені үшін ағылшын Г.Фокске патент берілген.

Жапонияның Камо қаласында ең ірі қолшатыр жасалды. Оның диаметрі – 5,7 метр, сабы – 7 метр.

№ 3 – жаттығу. Мәтіннен толықтауыштарды тауып, олардың қай септік-те тұрғанын анықта. Мәтінді аудар.

Қағаз.

Қағазды біздің заманымыздың 1-ші ғасырында қытайлықтар ойлап тапты. ҮІІ ғасырда қағаз Персияға, одан Арабияға тарады, кейін арабтар оны Еуропаға әкелді. Тәжікстандағы Муг тауынан табылған ҮІІ ғасыр архивінің көптеген құжаттары қағазға жазылған.

Ресейде бірінші қағаз фабрикасы ХҮІ ғасырда Мәскеу маңындағы Ивантеевка селосында салынды. 1716 жылы І Петр астанаға таяу жерден ірі қағаз фабрикасын салдырды. Қазір қағаздың 600-ден астам түрі бар.

§ 3.4. Анықтауыш.

Анықтауыштар сөйлемнің есімнен болған мүшелерін анықтап, қай? қандай? қайсы? қайдағы? недегі? қанша? неше? нешінші? не еткен? кімнің? ненің? деген сұрақтарға жауап береді. Анықтауыштың анықтайтын мүшесімен байланысы екі түрлі:

Қабыса байланысатын анықтауыштар ешбір жалғаусыз анықтайтын сөзінің алдында қатар тұрып байланысады. Мысалы: Жаздың жасайлы кеші.

Матаса байланысатын анықтауыштар ілік септігінде тұрып тәуелдеулі сөзді анықтайды. Мысалы: Менің Отаным – Қазақстан.

Дара анықтауыш – бір сөзден тұратын анықтауыштар.

Күрделі анықтауыш – екі және одан да көп сөзден тұратын анықтауыштар. Мысалы:

1	<u>Қара торы, ат жақты, сұңғақ бойлы</u> адам ...	Күрделі сын есімдер
2	<u>Сібірдің күзгі желі бет қаратпайды.</u>	Зат есім + сын есім
3	<u>Парламент үстіндегі жалау алыстан көз тартады.</u>	Зат есім + көмекші есім
4	<u>Қолы қимылдағанның – ауызы қимылдар.</u>	Зат есім + есімше
5	<u>Бұл елде екі мың бес жүз мал бар екен.</u>	Күрделі сан есім
6	<u>Бес алған оқушылар емтихан тапсырмайды.</u>	Сан есім + есімше
7	<u>Еңбексіз отырған адам жалқау болып кетеді.</u>	Сын есім + есімше

№ 1 – жаттығу. Мәтіннен қабыса байланысқан анықтауыштарды тап. Мәтінді аудар.

Бір атадан тараған ұрпақ.

Бір атадан *әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат* үзілмей тараса, жеті ата болады. Ең соңғы туажаттан *жүрежат, жекжат, мүлдежат* болып аяқталған. Осыларды *ағайын, туысқан* деп те атаған. Жеті атадан өніп-өскен адамдар *қауым* деп аталған. Сөйтіп, туажаттан кейін нағыз туысқандықтың шегі аяқталған. Бұл шамамен екі ғасырға созылған.

Қазақ халқы осы жеті ата аралығында ерлі-зайыпты болуға тыйым салған. Мұны «тұқым бұзушылық» деп атаған. Егер ғашықтық жолмен үйлене

қалса, жазалаған. Сондықтан әрбір қазақ жеті атасының есімдерін білуге міндетті болған.

Ата-анасы үшін барлық балалары бірдей болғанмен, дәстүр бойынша әр баласының өз орны болған. Алғашқы бала – *тұңғыш*. Оны ата-анасы енші беріп, жеке отау етіп шығарған. Оны басқа балаларына үлгі еткен. Үйдегі ең соңғы бала – *кенже*. Ол «қара шаңырақ иесі» деп аталған. «Қара шаңырақ» деген ұғымға ата дәстүрін сақтау – әулет салтын, ұрпақ жалғастығын үзбеу, әке түтінін өшірмеу деген үлкен ұғым жатыр.

№ 2 – жаттығу. *Мәтіннен матаса байланысқан анықтауыштарды тап.*

Отырар.

Отырар IX ғасырдағы ірі қала. Ол тарихта Тұрарбанд, Тұрар, Тарбанд деп те аталған. Отырар Y-XV ғасырларда Арал бойындағы көшпелі тайпалармен сауда жасайтын орталық болған. Иран мен Орта Азиядан Сібірге, Моңғолияға және Қытайға қатынайтын сауда жолындағы маңызды қала болды.

1218 жылы Отырардың билеушісі Қайырханның әмірімен Шыңғысханның керуеніндегі көпестер өлтіріледі. Бұл моңғолдардың Орта Азияға шапқыншылық жасауына сылтау болды. Тарихи әдебиеттерде бұл қырғын «Отырар апаты» деген атпен белгілі. Моңғол шапқыншылығынан Отырар қиратылып, қала тұрғындары қырылады. Тірі қалғандары Моңғолияға айдалды. Бірақ 1218 жылғы апаттан кейін Отырар қайта жанданады. Жошы ұлысы құлағаннан кейін Отырар Темір мемлекеті құрамына енеді. Темір мұнда бірнеше рет болып, 1405 жылы осында қайтыс болады.

XVI ғасырдың 2-ші жартысынан кейін қала қазақтардың билігіне біржола көшеді. Отырар – XVІІ ғасырдың басына дейін өмір сүрген қала.

№ 3 – жаттығу. *Мәтіннен анықтауыштарды тауып, олардың дара не күрделі екенін анықта. Мәтінді аудар.*

Қазақ елінің қоғамдық құрылымы.

Ғалымдар қазақ елінің қоғамдық құрылымын шамамен жеті баспалдаққа бөледі: *ауыл, ата-аймақ, ру, арыс, ұлыс, жүз, хандық*. *Ауыл* – ең жақын қандас он отбасынан тұрады. Әр ауылдың басқаратын адамы өмір көрген, беделге ие, ауқатты, адал адамы болды. Ол *ауылбасы* деп аталған. Ауылбасы ауылдастарының шаруашылығын, маусымдық көшіп-қону уақытын, адамдар арасындағы дау-жанжалды, ауылға түскен салықты дер кезінде төлеп отыру сияқты жұмыстарды реттеп отырады. *Ата-аймақ* жеті атадан қосылатын бірнеше ауылдан құрылады. Ата-аймақтың басшысы – *ақсақал*. Ол өте жоғары мәртебеге ие, орта жастағы адам болуы керек. *Ру* 13-14 аймақтан құралады. Оның басшысы *ұлыс* деп аталады. *Арыс* бірнеше рудан құралады. Оның басшысы – *би*. *Ұлыс* бірнеше арыстан құралады. Ұлыстың билеушісі – *сұлтан*. Сұлтан әдетте ақсүйектерден сайланады. *Жүз* бірнеше ұлыстан құралады. *Жүзді хан* билейді. *Хандық* үш жүзден тұрады. Оны *хақан* (ұлы хан) билейді.

Осылардан кейін халық арасында «Ұлттың құты – хан, рудың құты – ұлыс, аймақ құты – би, ауыл құты – бәйбіше» деген қанатты сөз бар.

§ 3.5. Пысықтауыш.

Пысықтауыш дегеніміз – сөйлем ішінде етістіктен болған мүшелермен синтаксистік байланысқа түсіп, іс-қимылдың амалын, мезгілі мен мекенін, себеп-мақсаты мен сан-мөлшерлік сипатын білдіретін тұрлаусыз мүше.

<i>Р/с</i>	<i>Пысықтауыш түрі</i>	<i>Негіз білдіреді</i>	<i>Сұрақтары</i>	<i>Мысалдар</i>
1	Мезгіл	Қимыл, іс-әрекеттің болу мезгілін, іске асу уақытын көрсететін пысықтауыш.	Қашан? Қашаннан бері? Қашанға дейін?	Қазір олар Әлидің үйіне бармақ.
2	Мекен	Қимыл, іс-әрекеттің бет алысын, шығу, жасалу орындарын білдіретін пысықтауыш.	Қайда? Қайдан? Қалай қарай?	Қанат пен Самат осында отыр.
3	Қимыл-сын	Қимылдың, іс-әрекеттің қалай болғанын, сынын, мөлшерін білдіретін пысықтауыш.	Қалай? Қайтпін? Қанша? Неше рет? Кім арқылы? Не арқылы?	Машина <u>алтыс километр</u> жүрді.
4	Себеп	Қимыл, іс-әрекет процесінің болу себебін көрсететін пысықтауыш.	Неге? Негізден? Не себептен?	Кешіккендіктен оқушы сыныпқа кіре алмады.
5	Мақсат	Қимыл, іс-әрекеттің қандай мақсатпен, қандай оймен істелетінін білдіретін пысықтауыш.	Неге? Не үшін? Кім үшін? Қандай мақсатпен?	Оқуға түсу үшін Амандық қалаға барды.

№ 1 – жаттығу. Төмендегі сөйлемдерден пысықтауыштарды тауып, оларды мына кестеге енгіз.

<i>Мекен пысықтауыш</i>	<i>Мезгіл пысықтауыш</i>	<i>Қимыл-сын пысықтауыш</i>	<i>Себеп пысықтауыш</i>	<i>Мақсат пысықтауыш</i>
Алысқа, ..	Айға жақын, ...	Оқуды бітіріп, ...	Бекіністі қайтадан алу мақсатымен, ...	Біл деп, ...

1. Алысқа кетсе, су жоқ, жақында от жоқ. 2. Өзен сайын электр станциясы салынуда. 3. Аласа, төбесі шатырша, шағын бөлмеде мүлік аз. 4. Оқуды бітіріп, Қарағандыға бара жатырмын. 5. Омбы станциясында біз айға жақын тұрдық. 6. Жұмыс аумағы үш есе ұлғайды. 7. Ушаковтың үйінде Байжан бір жеті жатты. 8. Баламды медресеге біл деп бердім, қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім. 9. Сабырсыз Баймағамбет Абайдың жай жүрісіне шыдай алмай, алдын

орап кетті. 10 Кенжебек Асқардың шақыруымен келіп отыр. 11. Бұны сол мінезі үшін аса қадірлейтін. 12. Бекіністі қайтадан алу мақсатымен немістер екі рет шабуыл жасады. 13. Бізді тәрбиелегеніңіз үшін бірінші суретті сізге тарттым. 14. Әлібек амалсыздан тоқтады. 15. Сен әдейі біздің қаланың жайын білейін деп келдің.

№ 2 – жаттығу. *Мәтіннен пысықтауыштарды тауып, олардың түрлерін анықта. Мәтінді аудар.*

Айтыс.

Ақындар айтысы – екі ақынның сөз өнерімен, жыр шеберлігімен сайысуы. Ертеде ақын деген атаққа жету үшін, ең алдымен айтысқа түсу керек болған. Айтыста көрінген адам ғана ақын аталған. Сондықтан айтыс ақындықтың мектебі десе де болады. Әдетте айтыс екі ел ақындарының арасында өткен. Әр ақын өз елінің сөзін сөйлеп, мақтаған. Екінші ақын оның еліндегі кемшілікті сынаған. Оған ешкім де ренжімеген.

Қазақ халқында айтыстың түрі көп. Соның бір түрі – жұмбақ айтысы. Онда ақындар өлеңмен жұмбақ айтып, екінші жақтың тез шешуін талап еткен. Бұл тыңдаушыларды да ойландырады. Осындай айтыс ақындары: Жанақ, Түбек, Шөже, Кемпірбай, Сүйінбай, Досмағанбет, Жамбыл, Біржан, Сара, т.б.

№ 3 – жаттығу. *Мәтіндегі сөйлемдерге синтаксистік талдау жаса.*

Кеше біз үлкен жиналыс өткіздік. Студенттер көп жиналды. Дәрістің ішінде мұғалімдер де, студенттер де отырды. Жиналыс өте қызықты өтті. Қызықты тақырыптар талқыланды. Ешкімнің кеткісі келмеді. Жиналыс кеш аяқталды. Жатақханаға бәріміз бірге келдік, үлкен бөлмеде отырып, көп әңгімелестік. Келесі айда тағы жиналыс болады. Оған міндетті түрде қатысуымыз керек.

№ 4 – жаттығу. *Мына сөйлемдерді салыстырып, айырмашылығын айт.*

Мына кітап жақсы. –	Ол жақсы оқиды.
Ол үстіне таза киім киді. –	Ол таза жазады.
Мына тура жол институтқа барады. –	Мен оған тура айттым.
Мен ұзақ жолдан келдім. –	Мұғалім ұзақ сөйледі.
Бүгін күн жылы болды. –	Ол маған жылы қарады.
Менің ағам өте шапшаң адам. –	Марат шапшаң оқиды.
Мына кісінің бойы биік екен. –	Құс биік ұшады.
Ана ауру адам нашар екен. –	Балаңыз нашар жазады.
Бүгін үйге жақын адамдар жиналды. –	Кел, жақын отыр.
Мен өзіме тамаша кітап сатып алдым. –	Тамаша сөйлейсің.

§ 3.6. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері.

Сөйлемде бір тұлғада қолданылып, бір сұраққа жауап беретін, бір сөйлемнің мүшесі қызметін атқаратын бірнеше сөз **бірыңғай мүше** деп аталады. бірыңғай мүшелер бір-бірімен тікелей немесе жалғаулық шылаулар (мен, бен, пен, да, де, та, те, және, әрі) арқылы байланысады. Мысалы: Қымыз, шұбат болса, ішер едік. Қымыз да, шұбат та бар, қайсысын әкелейін? Лезде даяшы қымыз бен шұбат әкелді.

№ 1 – жаттығу. Мәтінді аудар. Мәтін ішінен бірыңғай сөйлем мүшелерін тауып, көрсет.

Жаркое по-молдавски.

Говядину нарезать на большие куски, отбить, поперчить и обжарить. Мясо уложить в кастрюлю, затем положить нарезанный картофель, предварительно обжаренный с морковью, луком и петрушкой. Мясо и овощи залить красным соусом с виноградным соком, посолить и тушить 30-40 минут. Готовое блюдо посыпать мелко нарубленным чесноком, зеленью укропа и петрушки.

На 500 гр. мяса – 800 гр. картофеля, 130 гр. моркови, 60 гр. репчатого лука, 10 гр. пшеничной муки, 40 гр. томата, 60 гр. виноградного сока, 10 гр. чеснока, соль, перец, зелень укропа, петрушки по вкусу.

(«Совет да любовь» кітабынан)

Сөздік:

Говядина – сиыр еті
Нарезать – турау
Кусок – кесек, тілім
Отбить – ұру
Поперчить – бұрыштау
Обжарить – қуыру
Кастрюля – қазан
Предварительно – алдын-ала
Картофель – картоп
Морковь – сәбіз
Лук – жуа, пияз
Укроп – аскөк
Соус – тұздық
Посолить – тұздау
Тушить – бұқтыру
Чеснок – сарымсақ

§ 4. Жай сөйлем түрлері.

Сөйлем ішіндегі предикаттылық орталықтың (грамматикалық негіздің) санына байланысты 2-ге бөлінеді: жай және құрмалас.

Жай сөйлем дегеніміз – белгілі бір тиянақты ойды білдіріп, бір предикаттылық орталықтан (грамматикалық негізден) тұратын синтаксистік бірлік. Мысалы: Жансая бала бақшаға барады. Берік – мұнайшы.

Құрамында бастауыштың бар-жоқтығына байланысты жай сөйлемдер жақты-жақсыз болып 2-ге бөлінеді:

Жақты сөйлем – сөйлемде бастауышы бар, не бастауышы айтылмай тұрса да, баяндауышынан сұрақ қою арқылы оның бар екендігін аңғаруға, білуге болатын сөйлем. Мысалы: 1) Бұл дөңестен аман-есен өттік. 2) Абай Дәркембайдың жайын танып отыр.

Жақсыз сөйлем – бастауышы жоқ, әрі оның болуын қажет етпейтін сөйлем. Бұл сөйлемнің баяндауыштары күрделі болып келеді. Олардың жасалу жолдары:

Р/с	Жасалу жолы	Мысалдар
1	-ғы/-гі, -қы/-кі жұрнақты қалау райлы етістіктің тәуелдік жалғауынан кейін «кел» етістігі келу арқылы.	Жұрт мақтаған атақты таққым келер.
2	Тұйық етістік А.с., Б.с. тәуелді, тәуелсіз формасында келу арқылы.	Қол қусырып босқа отырмау керек.
3	«Бол», «керек», «тиіс», «лайық», «мүмкін», «жөн» сөздерімен келу арқылы.	Тұқымды құрғатпай-ақ себе беруге болады.
4	Идиомалық сөздер.	Ымырт жабылады.

Атаулы сөйлем – бастауыштан ғана жасалып, іс-оқиғаны баяндамай, тек зат, құбылыстың, мезгілдің, мекеннің атауын ғана білдіріп тұратын сөйлем. Мысалы: Күз. Ымырт жабылған кез. Көкшетау маңы. Айнадай тұнық сулы Көкшүмектің қасы. Көкшүмек жағасындағы көк ала қамыс, судыр құрақтар айнаның жиегіне салынған әдемі өрнек сияқты. (С.Сейфуллин).

Сөйлемде тұрлаулы мүшелердің бар-жоқтығына байланысты жай сөйлемдер жалаң-жайылма болып 2-ге бөлінеді:

Жалаң сөйлем – бастауыш пен баяндауыштан ғана құралған сөйлем. Мысалы: Қартқожа сөйлеп тұр.

Жайылма сөйлем – тұрлаулы мүшелерімен қатар, тұрлаусыз мүшелері де бар сөйлем. Мысалы: Қартқожа көгалда отырған ақсақалдарға бұрылды.

Құрамында болуға тиісті мүшелердің бар-жоқтығына байланысты жай сөйлемдер толымды-толымсыз болып 2-ге бөлінеді:

Толымды сөйлем – тұрлаулы мүшелері түгел айтылған және мазмұны толық берілген сөйлем.

Толымсыз сөйлем – ойды айтуға тікелей қатысы бар тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелердің біреуі кейде бірнешеуі түсіп қалып айтылған сөйлем. Мысалы: Сенің атың кім?

Азамат. (толымсыз сөйлем)

Менің атым – Азамат. (толымды сөйлем)

Сенің жасың нешеде?

Он сегізде. (толымсыз сөйлем)

Менің жасым он сегізде. (толымды сөйлем)

№ 1 – жаттығу. *Мәтін ішіндегі жақты және жақсыз сөйлемдерді көрсет. Бірыңғай сөйлем мүшелерінің астын сыз.*

Жайлау.

Жылда 4 маусым бар, әр маусымда 3 ай, яғни 90 күн болады. Көшпелі халық әр маусымға қарай мал жайылымын өзгертіп, қоныс аударып отырған. Оны көктеу, жайлау, күзеу, қыстау деп атаған.

Ерте кезде малшылар көктем айларында қыстаудан алыс жерге көктеуге көшіп малын төлдететін. Содан кейін жайлауға көшіп, маусым, шілде, тамыз айларын сонда өткізетін. Жайлау – қыстаудан алыс жатқан жердегі жазғы қоныс. Оны шөбі жақсы, суы мол жерден таңдайды. Оңды жылдың үш маусымында да ешкім болмайды. Қыстан арықтап шыққан мал жайлауда тойынып, семіреді. Мал ғана емес, адамдар да рақаттанады. Бие байлап, қымыз ішеді, айран ұйытып, құрт, ірімшік қайнатады. Қысқа арнап азық-түлік әзірлейді.

Біздің Республикамызда табиғаты аса сұлу жерлер мен тау жайлаулары бар. Олар – Қарқара, Асы, Шалкөде жайлаулары.

№ 2 – жаттығу. *Төмендегі сөйлемдердің жай сөйлемнің қай түріне жататынын анықта.*

1. Қара құрық. Түтін. Қазан. Ит. Бала. Ию-қию. Баяю ескен қоңыр жел. (Ж.Аймауытов). 2. Республика сарайының кең, зәулім залы. Лық толған халық. 3. Иесіз қыстау. Ақан. Тілсіз бала. (М.Жұмабаев). 4. Айдала. Көлдің биік қабағы. Әлсіз жел. Күн батып барады. (С.Мұқанов). 5. Шарбақ. Шарбақтың іші – тау, орман, көгал. (Ж.Аймауытов). 6. Тағы да жұмыс. Қара жұмыс. Жаяу жүріс. (Ж.Аймауытов).

№ 3 – жаттығу. *Берілген жалаң сөйлемді жайылма сөйлемге айналдыр.*

1. Күз келді. 2. Күн суық. 3. Сабақ басталды. 4. Оқытушы кірді. 5. Мен студентпін. 6. Сабақ ұнады. 7. Біз тамақтандық. 8. Тапсырма көп. 9. Мен шаршадым. 10. Сен келесің бе?

№ 4 – жаттығу. *Мәтінді оқып, аудар. Мәтін ішіндегі жалаң сөйлемдерді жайылмаға, жайылма сөйлемдерді жалаң сөйлемдерге ауызша айналдыр.*

Амандасу салты.

Әр халықтың амандасу салттары әр түрлі. Мысалы, славян халықтары бір-біріне қол беріп амандасса, жапон, қытай, үнді халықтарықос қолын бірлестіріп, маңдайына тигізіп тағзам ету арқылы амандасқан. Ал мұсылман халықтарында ертеде оң қолын жүрегінің басына апарып тағзым ету арқылы амандасу салты болған. Сондай-ақ мұсылман халықтарында амандық салты «Ассалаумағалейкум!» деген сөзден басталады. Ол жақсы тілек: «Сізге Алланың нұры жаусын!» деген сөз. Жас адам жолы үлкен, жасы үлкен адамға ал-

дымен қос қолын ұсынады. Ал сәлем алушы қария: «Уағалейкумассалам!» - деп оң қолын береді. Ол: «Алланың рақым нұры маған бір есе жауса, сізге екі есе жаусын!» деген сөз. Осылай сәлемдесуден кейін амандасушылар бір-біріне:

- Деніңіз сау ма? Мал-жаныңыз аман ба? Еліңіз тыныш па? – сұрақтарын қойып,
- Деніміз сау. Мал-жан аман. Ел тыныш. – деген жауаптар қайырады.

№ 5 – жаттығу. Мына диалогтар ішіндегі толымды және толымсыз сөйлемдерді көрсет.

- Сәлем, менің атым – Руслан. Бүгіннен бастап екеуміз курстаспыз. Сіздің есіміңіз кім?
- Сәлем, менің атым – Тимур.
- Сәлем. Тимур.
- Жанұяңыз бар ма?
- Иә, менің жанұям бар.
- Иә, бар.
- Жанұяңызда неше адам бар?
- Менің жанұямда әкем, анам, апам, ағам және інім бар.
- Алты.
- Олар қайда тұрады?
- Ата-анам мен бауырларым Түрікменстанда тұрады.
- Түрікменстанда.
- Ал мен Ақтаудың өзінде тұрамын. Танысқанымға қуаныштымын.
- Мен де.

№ 6 – жаттығу. Мәтінді аудар. Мәтін ішіндегі жай сөйлемдерге талдау жаса.

Откуда появилось слово «казах».

О том, откуда появилось слово «казах» есть несколько предположений. Слово «казах» могло появиться от слова «кашак», что означает «беглец». В древности соседние с Казахстаном государства пытались подчинить себе казахов, беря их в плен. А они, не желая подчиняться, убегали в степь.

Согласно другому предположению, оно могло возникнуть от слова «ак каз» или «каз ак», так как казахский народ, собираясь в поход на врага, имел обыкновение одеваться в одежду белого цвета, «белый как гусь».

Ученый-историк Мусатай Акынжанов сделал предположение, что слово «казах» состоит из двух слов «кас», т.е. «настоящий, действительный» (в казахском языке есть словосочетания *қаса сұлу* – «настоящая красавица», *қас жау* – «действительный враг») и слова «сақ». Саки – название кочевников, проживавших в Средней Азии в глубокой древности. Киргизы и алтайцы до сих пор называют казахов словом «қассақ».

Во времена правления русской царицы Екатерины II в 1742-1775 годах казахов стали называть «киргизами», уничтожив прежнее название казахов. Откуда появилось слово «казах» до сих пор научно не доказано.

Сөздік:

- Предположение – болжам
- Появиться – пайда болу
- Означает – мағына береді
- В древности – ежелгі, ерте замандағы
- Подчинить себе – өзіне бағындыру
- Брать в плен – тұтқынға алу
- Кочевник – көшпенді
- Царица – патшайым
- Уничтожить – жою
- Не доказано – дәлелденбеген

№ 7 – жаттығу. Мәтін ішіндегі сөйлемдерге синтаксистік талдау жаса. Жай сөйлемдердің түрін ата. Мәтінді аудар.

Солтүстік полюс.

(Ұшқыш Водопьяновтың әңгімесі)

1937 жыл, 22 наурыз. Менің ұшағым жоғары көтерілді. Мәскеудің үстінен бір айналып өттік. Мәскеудің көңілді көшелері мен көрікті алаңдары төменде қалып барады.

Солтүстікке қарай ұштық. Ұшағымыз салқын ауаны қақ жарып ұшты. Қалың бұлттың арасында ұшып келеміз. Жерден 300 м жоғары көтерілдік. Мәскеу артта қалды. Қарлы боран басталды. Біз 100 м төмен түстік. Архангельскіге жақындадық. Тақтау тілетін зауыттар көрінді. Біз әуежайға аман-есен қондық.

№ 8 – жаттығу. Көркем әдебиет шығармаларынан жай сөйлемнің барлық түрлеріне мысалдар келтір.

**§ 5. Құрмалас сөйлем, оның түрлері.
Салалас құрмалас сөйлем, оның түрлері.**

Сөйлем ішіндегі предикаттылық орталықтың (грамматикалық негіздің) санына байланысты 2-ге бөлінеді:

Сөйлемнің ішіндегі предикаттылық орталықтың (грамматикалық негіздің) санына байланысты түрлері – Виды предложений в зависимости от количества предикативных центров (грамматических основ)	
Жай сөйлем – Простое предложение	Құрмалас сөйлем – Сложное предложение
Белгілі бір тиянақты ойды білдіріп, бір предикаттылық орталықтан (грамматикалық негізден) тұратын синтаксистік бірлік.	Күрделі ойды білдіріп, кемінде 2 предикаттылық орталықтан (грамматикалық негізден) тұратын синтаксистік бірлік.

<i>Салтанат «Әсем» тұрмыс үйіне барды. Аяқ киімін жөндетіп әкелді.</i>	<i>Салтанат «Әсем» тұрмыс үйіне барды да, аяқ киімін жөндетіп әкелді.</i>
--	---

Құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдердің өзара байланысу жолдарынақарай 3 түрге бөлінеді: салалас, сабақтас, аралас.

Құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдерінің өзара байланысу жолдарына қарай түрлері – Виды сложных предложений в зависимости от способов связи простых предложений		
Салалас құрмалас сөйлем – Сложносочиненное предложение	Сабақтас құрмалас сөйлем – Сложноподчиненное предложение	Аралас құрмалас сөйлем – Смешанное сложное предложение
<i>Құрамындағы жай сөйлемдердің баяндауыштары тиянақты болып, өзара тең дәрежеде байланысқан құрмалас сөйлемнің түрі.</i>	<i>Құрамындағы бағыныңқы, басыңқы сыңарларының алғашқысының баяндауышы тиянақсыз болып, соңғысына бағына байланысқан құрмаластың түрі</i>	<i>Құрамындағы жай сөйлемдері бір-бірімен салаласып та, сабақтасып та байланысқан құрмаластың түрлері.</i>
<i>Күн суық, әрі қар борап тұр.</i>	<i>Күн бұлтты болса да, жаңбыр жауған жоқ.</i>	<i>Сен бүгін маған кел, екеуіміз мұражайға барайық, өйткені ол жаңа экспонаттармен толықтырылыпты.</i>

Компоненттері мағына, орын тәртібі, интонация бойынша, ал олардың баяндауыштары шылаулы да, шылаусыз да байланысып келіп, олар тиянақты формада болып, өзара тең дәрежеде келген жай сөйлемдердің тіркесін салалас құрмалас сөйлем дейміз.

Салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдердің бір-бірімен мағыналық қатынасы әр түрлі болатындықтан, олардың жалғаулықтысы да, жалғаулықсызы да мынадай топтарға бөлінеді:

Р/с	Салалас құрмаластың түрі	Нені білдіреді	Жалғаулықтары	Мысалдар
1	Ыңғайлас	<i>Оның құрамына енген жай сөйлемдер істің, оқиганың бір мезгілде немесе бірінен соң бірі болғанын, болып жатқанын, болатынын хабарлайды, баяндайды, бір ыңғайда екенін білдіреді.</i>	<i>Әрі, және, да, де, та, те.</i>	<i>Күн суық, әрі қар борап тұр.</i>
2	Қарсылықты	<i>Бірінші компонентіндегі ой, іс, оқиға екінші компонентіндегі ой, іс, оқиғаға қарама-қарсы болып, күрделі ойды білдіреді.</i>	<i>Бірақ, сонда да, әйтсе де, сөйткенмен, дегенмен.</i>	<i>Күн бұлтты болды, бірақ жаңбыр жаамады.</i>
3	Түсіндірмелі (іліктес)	<i>Алдыңғы компонент түсіндіруді қажет етеді де, соңғысы оны түсіндіреді. Мұнда бірінші компоненттен кейін қос нүкте қойылады. Бірінші компоненттегі</i>		<i>Оның ойы мынау: пікірін білдіру, өз дегеніне көндіру.</i>

		<i>бастауыштар «сол», «сонша», «соншама», «соншалық», «сондай» деген есімдіктер мен үстеу сөздерден болса, қос нүктенің орнына сызықша қойылады.</i>		
4	Себеп-салдар	<i>Бір компоненті себепті, екіншісі салдарды (нәтижені) білдіреді.</i>	<i>Сондықтан, өйткені, себебі, сол себептен.</i>	<i>Күз келіп, ағаштың жапырақтары түсе бастады.</i>
5	Талғаулы	<i>Бір компонентіндегі ғана іс не оқиға орындалады, сенер-сенбестікті білдіреді.</i>	<i>Не, я, немесе.</i>	<i>Бұл үйде я сен қаласың, я мен қаламын.</i>
6	Кезектес	<i>Құрамына енген жай сөйлемдердің мазмұнынан байқалатын іс-әрекеттің кезектесіп келетінін білдіреді.</i>	<i>Бірде, біресе, кейде.</i>	<i>Біресе жаңбыр себелейді, біресе қар ұшқындайды.</i>

№ 1 – жаттығу. Төмендегі ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдердің тыныс белгілерін қойып жаз, солай қойылу себебін түсіндір.

1. Қазір қара бие де қарт Қайыпжанның өзі де ел ағасы. 2. Бұл бізге істелуге тиісті істерді түрін тегіс айтуға мүмкіндік берді әрі ол жұмысқа көпшіліктің ынтасын аударды. 3. Қи өзге отыннан қызу әрі оның шоғы ұзақ уақыт сөнбейді. 4. Ата асқар тау ана бауырындағы бұлақ бала жағасындағы құрақ. 5. Қашқын ұзап кетті және Кертөбелге жетер мұнда ат та жоқ. 6. Бірер сөйлемін аударды да ар жағын өзі алып кетті. 7. Бала шаба жөнелді мен де артынан ілестім. 8. Келгендер арасында Абай бұрыннан білетін Дәндібай, Еренай сияқты қарттар бар және екі-үш орта жастағы адам бар. 9. Менде әрі документ жоқ әрі бармақшы болған үйдің адресі жоқ. 10. Сөз осымен бітті екеуі екі айырылып кетті.

№ 2 – жаттығу. Мына сөйлемдерді «да», «де», «та», «те», «және» жалғаулықтары арқылы ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдерге айналдыр.

1. Күн жылынды. Қар еріді. 2. Аспанды қара бұлт басты. Жаңбыр қатты жауды. 3. Алтай жазды асыға күтті. Жаз келді. 4. Суық күз жақындады. Жәндіктер азая бастады. 5. Мұғалім келмеді. Сабақ болмады. 6. Сәуірдің ортасы болып қалды. Қыс аяқталды. 7. Салтанат «Әсем» тұрмыс үйіне барды. Аяқ киімін жөндетіп әкелді. 8. Сәкен жолдасына сұрақ қойып жатыр. Жолдасы жауап беріп тұр. 9. Мен үйге келдім. Менің шешем шай дайындады. 10. Ұшақ қонды. Жолаушылар ұшақтан шықты.

№ 3 – жаттығу. Төмендегі қарсылықты салалас құрмалас сөйлемдердің тыныс белгілерін қойып жаз, солай қойылу себебін түсіндір. Жалғаулықтарын көрсет.

1. Көзі жұмулы бірақ бетінде әсем күлкінің табы бар. 2. Ыстықты салқындату үшін суық су қолдануды барлығымыз да мақұлдаймыз бірақ Польшада-

ғы Врацлав политехникалық институтының ғалымдары осы жағдайда ыстық суды қолданудың өте пайдалы екенін анықтады. 3. Суға ау салуға рұқсат жоқ бірақ жыртқыш балықтарға қармақ құрғызады. 4. Көп уақыт өткен сияқты болды әйткенмен мағынасыз өткізген сағаттарға Хакім өкінген жоқ. 5. Дәл осы сәтте ол еш нәрсе ойлаған да жоқ еді дегенмен әлденеге алаңдағандай көңіл қобалжып жайғаспады. 6. Күн бұлттанып тұр еді алайда жауа қоймады. 7. Ойымда Шегенге сақтаған талай хикая, сұлу поэмаларым жүрген сияқты еді бірде-біреуінің бастамасы аузыма түспей қалды.

№ 4 – жаттығу. *Мына сөйлемдерді «бірақ», «сонда да», «әйтсе де» жалғаулықтары арқылы қарсылықты салалас құрмалас сөйлемдерге айналдыр.*

1. Көктем келді. Күн әлі суық. 2. Мен ағамның үйіне келдім. Үйде ешкім жоқ екен. 3. Ернар киноға кетті. Билет жоқ екен. 4. Мен саған хат жаздым. Сен маған жауап қайтарған жоқсың. 5. Қар жауып тұр. Күн суық емес. 6. Жолдасым ауырып қалды. Дәрігерді шақыртпады. 7. Мен сіңліме ойыншық алдым. Ол онымен ойнамады. 8. Менің қарным ашты. Мен асханаға барған жоқпын. 9. Дүкеннен азық-түлік сатып алайын деп едім. Дүкен ашық емес. 10. Қайрат сағатын жөндетуге кетті. Ақшасын үйде қалдырыпты.

№ 5 – жаттығу. *Төмендегі түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдердің тыныс белгілеріне түсініктеме бер.*

1. Даярлықтың планы былай еді: канал қазылатын сызықтардың оң бойына 5 мыңдай шатыр және киіз үй тігіледі, 2-3 мыңдай уақытша жер кепе және күркелер жасалады. 2. Абай енді байқады: әкесі сөзін аяқтап келеді екен. 3. Табақтай бетінен сорғалаған тер жаулықтың алқымын қап-қара қылып жібергені сонша – сақалы бар ма деп қалғандай екенсің. 4. Оның қорыққандығы сондай – не айтып, не қойғанын білген жоқ. 5. Мен енді ғана аңғардым: жолдың үстінде бұлар мініп келген өзіміз «жел қайық» деп атайтын «виллис» тұр екен. 6. Сізге айтар тілегім сол: мені ұшқыштар оқуына жіберіңіз. 7. Қазақ мақалы бар: асыл тастан, өнер жастан.

№ 6 – жаттығу. *Мына түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдердің тыныс белгілерін қойып жаз.*

1. Сөздің қысқасын айтайын сіздің үстіңіздегі киіміңіз Петербургке лайық көрінбейді. 2. Сіздерге де айтарым сол адал болыңдар. 3. Сенен бір тілегім ат үсті асығыс қорытынды жасай көрме. 4. Соққыға жығылған Кенжетайға қарап отырған Асқардың басындағы ой бұл таяқтың тыйылар күні бар ма әлде сорлы халық таяққа құри ма? 5. Оқжетпестің шығыс жағында, Бурабай көлінің жағасында, көлге төне өскен шың бар аты – Жұмбақтас.

№ 7 – жаттығу. *Мына себеп-салдарлық салалас құрмалас сөйлемдердің тыныс белгілерін өзің қойып жаз.*

1. Ол жылдам жазып отыр себебі увертюра бұрыннан-ақ көкейінде сайрап жүр еді. 2. Углеводтар табиғатта синтезделген күйінде көп кездеседі сондықтан да оларды синтездеудің қажеттігі туа бермейді. 3. Мұраттың балалық шағы елде болып жатқан үлкен өзгерістермен тұтас өтті сондықтан ол тез есейді. 4. Энергиясы мол бөлшектің деңгейі диаграммада жоғары орналасқан сондықтан мол энергиялы деңгей жоғары деңгей деп аталады. 5. Шешесі тағы екі-үш бауырсақ беріп еді басқалары қаспақ тұмсыққа көздерін аларта қарады. 6. Игіліктің жігіттері екенін Жұман білген жоқ әлдеқалай аттан құлаған шығар деп ойлады. 7. Мен қорықпаймын әжем кеше сұрап алған.

№ 8 – жаттығу. *Мына сөйлемдерден «сондықтан», «өйткені», «сол себепті» жалғаулықтары арқылы себеп-салдар салалас құрмалас сөйлемдер жаса.*

1. Ол баяу оқиды. Ол аз дайындалады. 2. Мен мәтінді түсінемін. Мен сөздерді білемін. 3. Самат досына хат жазбады. Уақыты жоқ. 4. Біз киноға барған жоқпыз. Емтиханға дайындалдық. 5. Сәбит жазылмады. Емделмеді. 6. Ең жақсы тіл – ана тілі. Оны аса құрметтеу керек. 7. Біз сыйлық сатып алған жоқпыз. Ақшамыз болмады. 8. Ермек сұраққа жауап бере алмады. Сабакқа дайындалмады. 9. Үйге кіре алмадым. Кілтімді жоғалтып алдым. 10. Оқуға бармаймын. Ауырып қалдым.

№ 9 – жаттығу. *Талғаулы салалас құрмалас сөйлемдерді тыныс белгілерін қойып жаз.*

1. Үлкен қара көзінде әлде еркелік әлде наз аса бір сыпайы ұяндық бар. 2. Иманы бар деуге беріктігі жоқ я алдағанға я азғырғанға я пайдаланғанға қарап ақты қара деп я өтірікті шын деп ант ететұғын кісіні не дейміз. 3. Мейлің өзің бар мейлің баланы жібер әйтеуір олармен қалай да хабарласу керек. 4. Күндіз олар не өзіне жем іздейді не өзінің басқаға жем болмауын көздейді. 5. Сонда я жүрегім жеңер я білегім жеңер.

№ 10 – жаттығу. *Мына сөйлемдерді «біресе», «не», «немесе» жалғаулықтары арқылы талғаулы салалас құрмалас сөйлемдерге айналдыр.*

1. Біз барайық. Олар барсын. 2. Ертең мен Медеуге барамын, киноға барамын. 3. Әсет жатады, тұрады. 4. Теледидар көрейік. Дойбы ойнайық. 5. Жазира кір жуады, кір үтіктейді, тамақ пісіреді. 6. Шаштараз шеберлері шашты сәнді қияды, маникюр жасайды, шашты бояйды. 7. Студенттер қазақ тілі сабағында мәтінді оқиды, жаттығуларды орындайды. Сұрақтарға жауап береді. 8. Зәуре шабдалы жемейді, маған бермейді. 9. Қонақтар домбыра тартады, әңгімелеседі, ән шырқайды, би билейді. 10. Бүгін біз үйде боламыз, ата-анамыздың үйінде боламыз.

№ 11 – жаттығу. *Төмендегі кезектес салалас құрмалас сөйлемдердің тыныс белгілерін қойып жаз.*

1. Біресе бұлбұл нақышты, көп ырғақты «Жиырма бесті» созады бірде назды қоңыр, кең тынысты «Жанбота» шығады. 2. Үй иесі безектеп, біресе өзі есінен адасып тұрған маған жүгіреді біресе қирап жатқан ыдыстарына жүгіреді. 3. Өзен біресе төмен ағып жатқандай біресе сай-салаға бұрылып ағып жатқандай. 4. Бірде ол ақтарыла салатындай сондайлық жақын көрінеді бірде салқын тартып алыстап кетеді.

№ 12 – жаттығу. *Мәтінді қазақ тіліне аудар және оның ішінен салалас құрмалас сөйлемдерді тауып, олардың түрін анықта.*

Созданное в XV веке Казахское государство делилось на три жуза: старший, средний и младший. Каждый жуз делился на племена, племена, в свою очередь, делились на рода, а рода – на родства. На самом верху социальной лестницы руководства власти казахского общества стоял хан. Обязанностями хана были укрепление государства, распределение земель сообщества, упорядочение вопросов переезда, укрепление отношений с другими соседними государствами и др. Самыми крупными ханами казахского народа были Тауке хан, Аблай хан и др.

Тауке хан был сыном Жангир хана. Он вместе с известными Толе би, Казыбек би и Айтеке би создал свод законов под названием «Семь указов». Тауке хан начал устанавливать дипломатические и торговые связи с Россией. В 1716 году в войне против джунгаров он попросил у России военной помощи. Во время правления Тауке хана он, давая отпор внешнему врагу, прилагал силы для прекращения внутренних раздоров между племенами и родами.

Аблай хан родился в 1711 году в городе Туркестан. Его настоящее имя – Абильмансур. Он рано остался сиротой, был скотником у Толе би, носил огромную шапку, ходил растрепанный, как попало. Поэтому Толе би назвал его «Растреп». Участвуя в войне казахов против джунгар в 15 лет, он призывно кричал: «Аблай!». К тому же дед его носил это имя. Поэтому народ назвал его Аблаем. Аблай был умным, искусным организатором, смелым полководцем, предприимчивым дипломатом, оратором. Бухар жырау создал эпос, который называется «Растреп». В известном эпосе дается полный рассказ о жизни знаменитого Аблай хана.

Сөздік:

Племя – тайпа

Род – ру

Социальный – элеуметтік

Лестница – саты

Укреплять – нығайту

Сообщество – қауымдастық

Управлять – басқару

Отпор – тойтартыс

Прилагать силы – күш салу

Сирота – жетім
 Растрепа – сабалақ
 Призывать – ұрандау
 Оратор – шешен
 Полководец – қолбасшы
 Эпос – дастан

§ 6.1. Сабақтас құрмалас сөйлем, оның түрлері. Шартты бағыныңқы сабақтас.

Сабақтас құрмалас сөйлемнің біреуінің баяндауышы тиянақты болып, біршама аяқталған ойды білдіреді. Оны басыңқы сөйлем деп атайды. Сабақтас құрмаластың екінші біреулерінің баяндауыштары тиянақсыз формада тұрып, жеке өз алдына біршама тиянақты ойды білдіре алмайды. Бұл бағыныңқылы сөйлем деп аталады. Сабақтас құрмалас сөйлемдер 6 топқа бөлінеді:

1. Шартты бағыныңқы сабақтас;
2. Қарсылықты бағыныңқы сабақтас;
3. Мезгіл бағыныңқы сабақтас;
4. Себеп-салдар бағыныңқы сабақтас;
5. Қимыл-сын бағыныңқы сабақтас;
6. Мақсат бағыныңқы сабақтас;

Шартты бағыныңқы сабақтас.

<i>Р/с</i>	<i>Сабақтас құрмаластың түрі</i>	<i>Нені білдіреді</i>	<i>Жасалу жолдары</i>	<i>Мысалдар</i>
1	Шартты бағыныңқылы	<i>Бағыныңқысы басыңқыдағы іс-әрекет, жай-күйдің болу я болмау шартын білдіреді.</i>	<i>1) бағыныңқының баяндауышы –са/-се формалы шартты райлы етістік болады. 2) бағыныңқының баяндауышы –қан/-кен, -да/-де, -й, -ынша/-інше формалы етістік болып келеді.</i>	<i>1) Қонаққа апам <u>барса</u>, мен де барамын. 2) Бірлік <u>болмай</u>, тірлік болмас.</i>

№ 1 – жаттығу. Мына шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемдердің тыныс белгілерін қойып жаз.

1. Мен саған сенбесем бұл сырды саған айтпас та едім ғой.
2. Жақсымен жолдас болсаң жетерсің мұратқа жаманмен жолдас болсаң қаларсың ұятқа.
3. Сабырлы болсаң озарсың сабырсыз болсаң тозарсың.
4. Ексең орасың берсең аласың.
5. Адам талаптанса сол талабын жүзеге асыруға күш жұмсаса қолдан келмес өнер бар ма?
6. Егер халқың бақытты болса сен де бақыттысың.
7. Қалжыңы күлкісі араласса шай жақсы ішіледі.

№ 2 – жаттығу. Мына сөйлемдерді толықтыр.

I. 1. Қыс түссе, 2. Асханадан тамақ ішсең, 3. Мен келсем, 4. Майра мына жерге отырса, 5. Ол мені таныса, 6. Күн ашық болса, 7. Жұмыс бітсе, 8. Әрсен жерге жатса, 9. Ақшаң болса, 10. Жаңбыр жауса, 11. Қайрат білмесе,

II. 1. ..., мен де барамын. 2. ..., балалар далада ойнайды. 3. ..., тез табамын. 4. ..., інім де ән айтады. 5. ..., олар да мектепке бармайды. 6. ..., сендер келіндер. 7. ..., біз Сізді түсінеміз. 8. ..., көкөніс алар едім. 9. ..., олар не істейді? 10. ..., біз қуанышпен қарсы аламыз. 11. ..., ерте тұрамыз.

№ 3 – жаттығу. Мына сөйлемдерді қазақ тіліне аудар. Олардың сабақтас құрмалас сөйлемнің қай түріне жататынын анықта.

1. Если Вы будете говорить по-казахски медленно, мы поймем Вас. 2. Если завтра будет тепло, пойдем на море. 3. Если ты будешь говорить неправильно, то я исправлю тебя. 4. Если в кинотеатре будет хороший фильм, то позови меня. 5. Если выполните это упражнение, то выполняйте следующее. 6. Если сядите на сто первый автобус, то доедете до железнодорожного вокзала. 7. Если пойдешь на базар, возьми мне килограмм яблок.

§ 6.2. Қарсылықты бағыныңқы сабақтас.

<i>Р/с</i>	<i>Сабақтас құрмаластың түрі</i>	<i>Негіз білдіреді</i>	<i>Жасалу жолдары</i>	<i>Мысалдар</i>
2	Қарсылықты бағыныңқылы	<i>Компоненттерінің мазмұны бір-біріне қарама-қарсы сабақтас құрмалас</i>	<i>Бағыныңқының баяндауышы –са/-се формалы шартты райлы етістіктерге да, де шылауларының тіркесуі арқылы және өткен шақтық есімшенің жай, тәуелді түрлеріне К.с., Т.с. жалғаулары жалғану арқылы жасалады.</i>	<i>Дабындықты кеш бастасақта, сайысты біз жеңіп алдық.</i>

№ 1 – жаттығу. Мына сөйлемдерді көшіріп жаз. Басыңқыдан бағыныңқыға қаратып қойылатын сұрауды жақша ішінде көрсет. Орыс тіліне аудар.

Үлгі: Күн салқын болғанмен (қайткенмен?), жатақхана жылы. – День хоть и холодный, но в общезитии тепло.

1. Күн салқын болғанмен, жатақхана жылы. 2. Бұлт болса да, жаңбыр жауған жоқ. 3. Бұл күні Құнанбай өлсе де, құнанбайлық құрымапты (М.Әуезов). 4. Менің бойым өскенмен, ойым піскен жоқ (с.Мұқанов). 5. Оқу қиын болса да,

өте жақсы оқитын студенттер көп. 6. Туысқан бола тұра, екеуі жат адамдар секілді. 7. Әкесінің рұқсаты бола тұра, Гүлнәр Байжанды үйіне түсірмеді (С.Мұқанов). 8. Абайдың әкесі қатыгез болғанмен, шешесі қайырымды адам болатын. 9. Менің бос емес екенімді біле тұра, көмекке шақырасың. 10. Ол бұрын біздің үйде болғанмен, үйімізді әрең тапты. 11. Қымбат болса да, мына тонды ал. 12. Уақытың болмаса да, телефон соғып тұр.

№ 2 – жаттығу. Мына сөйлемдерді толықтыр.

I. 1. Ауа-райы нашар бола тұрса да, 2. Күн батса да, 3. Ол үйіне қанша шақырса да, 4. Уақыты болғанмен, 5. Жұмыс жоспарын жасағанмен, 6. Мені таныстырса да, 7. Бұл көйлек қымбат бола тұра, 8. Асықсаң да, 9. Ерте тұрғанмен, 10. Мен үйде отырғанмен,

II. 1. ..., мен оның үйіне қонаққа бармадым. 2. ..., біз оның үйіне барып жүрміз. 3. ..., жақсы оқиды. 4. ..., соңғы хабарларды тыңдаймын. 5. ..., олар мектепке бармады. 6. ..., емтиханды жақсы тапсырды. 7. ..., емделіп шықты. 8. ..., жиналысты бастадық. 9. ..., ет піспеді. 10. ..., жұмысты бітірді.

№ 3 – жаттығу. Мына сөйлемдерді қазақ тіліне аудар.

1. Хоть я и была в отпуске, но никуда отдыхать не поехала. 2. Хоть мы и занимаемся много, но еще плохо говорим по-казахски. 3. Хоть учитель и пожилой человек, но урок ведет очень интересно. 4. Хоть он и встал рано утром, но на занятия опоздал. 5. Хоть у сестры и были деньги, но она ничего не купила. 6. Хоть мы и записали адрес, но найти их дом не смогли.

§ 6.3. Мезгіл бағыныңқы сабақтас.

Белгілері: 1) бағыныңқысы бағынқыдағы істің мезгілін білдіреді;
2) сұрақтары: қашан? қай кезде? қашаннан бері? қашанға дейін?
3) баяндауыштарының тұлғасы төмендегі кестеде көрсетілген:

Баяндауыштың тұлғалары	Мысалдар	Сұрақтар
Жатыс септіктегі есімше (-ған+да, -ген+де) арқылы.	Екеуі ымырт үйіріле үйден шық+қан+да, қонақтардың соңы әлі тараған жоқ.	Қашан?
Атау, барыс, шығыс септіктерден кейін «соң», «кейін», «шейін», «дейін», «бері» шылаулары келу арқылы.	1) Базаралы кел+ген+нен соң, көп кешікпей істің тергеуі басталып кетті. 2) Рахмет қоштасып кет+кен+нен кейін, Наталияның ұйқысы ашылып кетті.	Қай кезде?
-па/-пе + с + тан/-тен -у + ы + нан -у + дан	Шахтаға түс+пе+с+тен бұрын, Еркін кішкене бөлмесіне келіп енді.	Қай кезде?
Өткен шақтық есімшеге -ша/-ше жұрнағы қосылу арқылы.	Сіз тоя тамақтанып ал+ған+ша, біз Гофман жолдас екеуміз біраз сөйлесіп, сөзді пісіріп алайық.	Қайткенше?
-ғалы/-гелі, -қалы/-келі тұлғалы көсемше арқылы.	Шынында да, Барластар бітір+гелі, Құнанбай бұл үйіне кеп қонған емес.	Қашаннан бері?

<i>-са/-се тұлғалы шартты райлы етістік арқылы.</i>	<i>Осындай қарбалас күндердің бірінде Ерлан түс ауа шеберханаға келсе, Жақып жігіттерімен жоқ.</i>	<i>Қашанға шейін?</i>
<i>-ысы/-ісі тұлғалы етістіктердің көмектес септік жалғауы арқылы.</i>	<i>Бүгін қара жел басыл+ысы+мен, қиыршықтап қар да түсе бастады.</i>	<i>Қашан?</i>

№ 1 – жаттығу. *Мезгіл бағыныңқының тыныс белгілерін өзің қойып жаз, баяндауыштарының қалай байланысып тұрғанын түсіндір.*

1. Кухня жақ қабырғадағы ағаш қақпақ ашылған кезде әркім орнынан қозғалып тамақ алуға бара бастайды. 2. Біз зар еңіреп жатқанда олар Атырау айдынында жорға үйретіп, салтанат түзеп жүр. 3. Хаттың осындай әсерімен мектепке келсем директордың кабинетінде сазарып Файзолла отыр. 4. Басымды көтеріп шымылдықтың етегінен қарасам далада жарық күндіз. 5. Баяғыда мен Шымкент қаласында орта мектепті бітіргелі жүргенімде ол жоғары мағлұматты қызмет істеп жүргендердің біреуі болатын. 6, Падишах қолымен ишарат білдірсе-ақ ортаға жалаңдаған он шақты жігіт іріктеліп шыға беретін. 7. Таз таранғанша той бітер.

№ 2 – жаттығу. *Мына сөйлемдерді көшіріп жаз. Басыңқыдан бағыныңқыға қаратып қойылатын сұрақтарды жақша ішінде көрсет. Орыс тіліне аудар.*

Үлгі: Баласы алтыға келгенде (қашан?), әкесі оны оқуға берді. – Когда ребенку исполнилось шесть лет, отец отправил его учиться.

1. Баласы алтыға келгенде, әкесі оны оқуға берді. 2. Шешесі жұмыстан келгенге дейін, қызы тамақ пісіріп қойды. 3. Күз болғанда, құстар жылы жаққа кетеді. 4. Сен келгенде, мен кітап оқып отыр едім. 5. Мен оқуды бітірген соң, ауылға барып жұмыс істеймін. 6. Ол шетелге кеткелі, үш жыл болды. 7. Сұрақтарға жауап берген соң, жаттығуды орында.

№ 3 – жаттығу. *Мына сөйлемдерді толықтыр.*

I. 1. Жаңа жыл келгенде, 2. Сәрсен ауылға кеткелі, 3. Орта мектепті бітірген соң, 4. Сабақ басталғанша, 5. Біз кеткеннен кейін, 6. Жұмыс біткен соң, 7. Астанаға барған кезде, 8. Күн жылынған соң, 9. Сені көрмегелі, 10. Концерт басталғанша,

II. 1. ..., студенттер үйлеріне кетеді. 2. ..., сауда орталығына барамыз. 3. ..., екі жыл өтті. 4. ..., сендер осында отырыңдар. 5. ..., қонақтар далаға шықты. 6. ..., емтиханды жақсы тапсырды. 7. ..., адам көп екен.

§ 6.4. Себеп-салдар бағыныңқы сабақтас.

Белгілері: 1) бағыныңқы компоненті басынқыдағы істің себебін білдіреді; 2) сұрақтары: неліктен? неге? не үшін? не себепті?

3) баяндауыштарының тұлғасы төмендегі кестеде көрсетілген:

Баяндауыштың тұлғалары	Мысалдар	Сұрақтар
-ған + дықтан, -ген + діктен	Бер жағы қалың ағаш бол+ <u>ған+дықтан</u> , жолаушыға көрінген жоқ.	Неліктен?
-қан + ы -кен + і үшін	«Табылған папка» деген тақпақты мәнерлеп айт+ <u>қан+ы үшін</u> , Сағынбекке мақтау грамотасы берілді.	Не үшін?
-ған/-ген -қан/-кен соң	Қасқыр енді мұның айғайын естімейтін бол+ <u>ған соң</u> , Иса басқа бір тәсілге көшті.	Не себепті?
Ій тұлғалы көсемше	Ол мезгілді уақытында келе алмай <u>й</u> , біз біраз кешігіп қалдық.	Неге?
-ып/-іп/-п тұлғалы көсемше	Түнде жылқышы <u>ұйықтап қап</u> , қалың жылқы егіске түсіп кетіпті.	Не себепті?
Ашық рай мен «деп» көсемшесі	Сөзі мен ісі бірдей <u>шығады деп</u> , ...	Не деп?

№ 1 – жаттығу. Себеп-салдар бағыныңқы сабақтас сөйлемдердің тыныс белгілерін қойып, бағыныңқысының баяндауыштарының жасалу жолын түсіндір.

1. Бәйбіше жанымды сығып бара жатқан соң мені ашу кернеп кетті. 2. Күн ұзаққа жол жүрген соң арбада отырып аяқтары ұйып та қалған екен. 3. Сағынғаннан сені ойлап келер көзге ыстық жас. 4. Бәкен де ауылдық кеңеске мүше болып өткендіктен бұл ойларын жарыққа шығарады деп ойлап еді. 5. Оқыған бұрынғы мамандығы механизация, электрофикация факультеті болғандықтан Строгов тегінде бұл жүрген механизмдердің көптеген көбін үйреншікті атай білетін. 6. Таныс адам кездесер ме екен деп Жабай жер үйлерді аралап кетті. 7. Жаман қауымның жақсысы болғанша жақсы қауымның жаманы бол. 8. Дәмді жеміс іздедім бойы өссін деп баламның. Дәмді жеміс іздедім ойы өссін деп баламның.

№ 2 – жаттығу. Мына сөйлемдерді толықтыр.

I. 1. Үйде азық-түлік біткен соң, 2. Күні бойы далада көп жүргендіктен, 3. Арман озат оқушы болған себепті, 4. Пойыз кеш келген себепті, 5. Жұмыс бітпегендіктен, 6. Жомарт емтиханға әзірленбеген соң, 7. Кеш болып қалғандықтан, 8. Уақыты аз болған соң,

II. 1. ..., балалар далада ойнады. 2. ..., университетте оқи алмады. 3. ..., інісіне сәлемдеме жіберді. 4. ..., басым ауырды. 5. ..., біз Сізді көрмедік. 6. ..., жеміс-жидек алдық. 7. ..., біз қуандық. 8. ..., ерте тұрамыз.

№ 3 – жаттығу. Мына сөйлемдерді қазақ тіліне аудар.

1. Вы не понимаете, потому что не слушаете. 2. Я иду на базар, потому что дома закончились продукты. 3. Так как поезд опоздал, мы долго стояли на

перроне. 4. Я помогала подруге, потому что к ней пришло много гостей. 5. Я никуда не пойду, потому что у меня много работы. 6. Вода в реке сильно поднялась, потому что несколько дней подряд шел дождь. 7. Мы сели в такси, потому что опаздывали.

§ 6.5. Қимыл-сын бағыныңқы сабақтас.

Қимыл-сын бағыныңқы сабақтас – бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемдегі іс-әрекеттің, қимыл-қозғалыстың сындық амалын, қалай болғандығын білдіретін құрмалас сөйлем.

Белгілері: 1) сұрақтары: қалай? қайтіп?

3) баяндауыштарының тұлғасы төмендегі кестеде көрсетілген:

Баяндауыштың тұлғалары	Мысалдар	Сұрақтар
-ып/-іп/-п тұлғалы көсемше.	Әні әлемді шарлап, өз халқының даңқын жайып, Роза өз еліне оралды.	Қайтіп?
-а/-е/-й тұлғалы көсемше.	Қалжыңы, күлкісі араласа, шай өте көңілді ішілді.	Қалай?
-дай жұрнағы арқылы.	Дәурен қорғанатын күші жоқтай, тек бүкірейе берді.	Қалай?

№ 1 – жаттығу. Сөйлемдерді тыныс белгілерін қойып жаз, қимыл-сын бағыныңқы компоненттердің астын сызып, оларға сұрақ қойып, қалай жасалғанын түсіндір.

1. Мінайдар кітаптың бірінші бетін жіберіп сабағына көз салды. 2. Тасболат басын төмен салып, бірсыпыра жерге шейін ойланумен отырды. 3. Мұның бәрі кімге айтылып жатқанын Сейіт енді ғана ұққандай Омардың артына қарай жантая кетті. 4. Болбыраған жақ еттері салбырап құрғап кезеріп кеткен еріні жыбыр-жыбыр етеді. 5. Орман алқабында күн нұры молынан төгіліп айнала төңіректі құс әуендері баурап алған. 6. Әсіресе күн батар алдында да балықшы жігіт сыртқа әлденеше рет шығып үйінің бет алдындағы биік жар басынан теңіз жаққа көз салды. 7. Еңі өңірін көк көмкерген мөлдір бұлақ алдымыздан күле ашық далаға қарай жүгіріп келе жатыр.

№ 2 – жаттығу. Мына сөйлемдерді толықтыр.

I. 1. Қыс түсіп, 2. Асханадан тамақ ішіп, 3. Мен келмей, 4. Ол мені білетіндей, 5. Тыңдаушылар таң қалатындай, 6. Әрсен асығып, 7. Көрермендер сүйсінетіндей,

II. 1. ..., соңғы хабарларды тыңдаймын. 2. ..., ұйықтады. 3. ..., ет піспеді. 4. ..., қатты сөйледі. 5. ..., өлеңді жатқа мәнерлеп оқыды.

№ 3 – жаттығу. Мына сөйлемдерді қазақ тіліне аудар.

1. Он оделся так, словно на улице холодно. 2. Он ест так, будто голоден. 3. Учитель говорит так, что все его слушают с интересом. 4. Ермек говорит так тихо, что мы его не слышим. 5. Встав рано, он умылся, оделся, позавтракал и ушел на работу. 6. Он чувствовал себя так, как будто был здесь раньше. 7. Салтанат была дома, как будто знала, что я приду. 8. Он говорит так быстро, как будто за ним кто-то гонится.

§ 6.6. Мақсат бағыныңқы сабақтас.

Белгілері: 1) бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемдегі істің мақсатын білдіреді.

2) сұрақтары: не үшін? не мақсатпен?

3) баяндауыштарының тұлғасы төмендегі кестеде көрсетілген:

Баяндауыштың тұлғалары	Мысалдар	Сұрақтар
Тұйық етістікке «үшін» шылауының қосылуы арқылы.	Оқытушы беделді болу үшін , ол ғылымды меңгеру керек.	Не үшін?
Ашық райлы етістікке «деп» көмекші етістігінің тіркесуі арқылы.	Ат аяғының дүбірі естілмесін деп , бұлар ауылдың ық жағына қарай бұрыла жүрді.	Не үшін?
Мақсатты келер шақ (-мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек) етістік пен «болып» көмекші етістіктің тіркесінен жасалады.	Оспан жұмыс басына бар мақшы болып , Әйгерім мен Ербол да үйден ерте шықты.	Не үшін?

№ 1 – жаттығу. Төмендегі мақсат бағыныңқы сөйлемдердің бағыныңқы сабақтас сыңарларының қандай грамматикалық тұлғалар арқылы байланысып тұрғанын көрсетіп, тыныс белгілерін қойып жаз.

1. Сепкен тұқым тез өну үшін біз себер алдында оны сулап аламыз. 2. Ізденушілер көрмесін деп біз тасалана қалдық. 3. Дәуіт ұшып кетпеу үшін қарлығаш оның қанатын қырқып қояды. 4. Уақыт босқа өтпеу үшін қажет болғанның бәрін істейміз. 5. Төмен ұшсам түлкі өрлеп құтылар деп қанды көз қайқаң қағып шықса аспанға. 6. Ленинградқа орналасқанша, семьям туған аулымда қалмақ болып мен еліме аттанып кеттім. 7. Жалпақ ел өз жауабын өз аузынан айтамын деп ұлыққа келіп еді. 8. Тарихтан емтихан тапсырмақ болып жалғыз отырған мұғалімге үстімдегі әскери киіммен кіріп бардым. 9. Сұрапыл дауылда киіз үй құламас үшін қазақ шаңырақтың екі жағынан желбауларды жақындата қосып, қазықпен жерге қағып тастайды.

№ 3 – жаттығу. Мына сөйлемдерді толықтыр.

I. 1. Баласы білімді болсын деп, 2. Борщ пісіру үшін, 3. Шай ішейік деп, 4. Қонақтар риза болсын деп, 5. Ауырмау үшін,

II. 1. ..., маған телефон соқты. 2. ..., ерте жаттық. 3. ..., аяғына жаңа етік сатып алды. 4. ..., үй жинадық. 5. ..., алдын-ала билет алдық.

§ 7. Аралас құрмалас сөйлем.

*Құрмалас сөйлемнің құрамына енген жай сөйлемдер үнемі не салаласа, не бірыңғай сабақтаса байланыса бермейді. Көп жағдайда құрмаласудың осы екі тәсілінің сөйлем ішінде қосарланып, қатарымен кездесуі де жиі болады. Құрамындағы жай сөйлемдері бір-бірімен салаласып та, сабақтасып та байланысқан құрмаластың түрлері **аралас құрмалас сөйлем** деп аталады.*

Аралас құрмалас сөйлем білдіретін ой салалас пен сабақтастағы ойдан күрделірек болады.

Аралас құрмалас сөйлем салаласа да, сабақтаса да байланысқан кемінде үш не одан да көп компоненттен тұрады.

Аралас құрмалас сөйлемдердің құрамында шылаулы да, шылаусыз да сөйлемдер болады.

Тыныс белгілерінде сабақтастағы және салаластағы тыныс белгілерінің ережелері сақталады.

Мысалы: Түн бойы жазғандарын хатшыға көшіртіп алып, Ушаков қайта оқып шығып еді, толып жатқан қайшылықтар көп екен.

(_____ , _____ , _____).
сабақтас салалас

№ 1 – жаттығу. *Аралас құрмалас сөйлемдердегі компоненттер арасындағы байланыс түрін анықта.*

1. Әбді дейтін жігіт сөз бастап еді, жұрттың құлағы елең етіп, бәрі де соған қарай қалды. 2. Ішектері едәуір тартылғанмен, бұрауы түспепті – қобыздың сүйегі шымыр көрінеді. 3. Атам машинасының артына ешкім шыдамағасын, үлкен мұғалімді беріп еді, - бүгін ол кісі қалжырап қалыпты. 4. Бір нәрсе жылпылдап келіп алдыма түскенде, алғашқыда жел ұшырып әкелген газет пе деп қалып едім, байқасам, қара түйіршікті өз көйлегім екен. 5. Қазына қанша айтса да мән бермеп еді, - енді мына сиыр естен кетпестей етті. 6. Баяндама біткен соң, мәжіліс ағасы сұрау берушілер бар ма деп еді, отырған әйелдер үндемей қалды.

№ 2 – жаттығу. *Төмендегі жай сөйлемдерден аралас құрмалас сөйлем жаса.*

1. Кітабымды жолдасым әкетті. Сондықтан сабаққа дайындала алмадым. Оқытушы ескерту жасады. 2. Көктөбеге бар. Төбеден төмен қара. Астанамыздың әсемдігіне сүйсін. 3. Жақында Ұлы Отан соғысының ардагерлерімен кездестік. Әр сөзді зейін сала тыңдадым. Еліміздің әр сүйем жері үшін жанын сала жаумен майдандасқан жандарға деген сүйіспеншілігім арта түсті. 4. Бүгін маған кел. Өнер мұражайына барамыз. Кейінгі кезде жаңа экспонаттармен толықтырылыпты.

§ 8. Оқшау сөздер.

Оқшау сөздер жай сөйлемнің де, құрмалас сөйлемнің де құрамында кездеседі. Оқшау сөздер сөйлем мен сөз тіркесінің құрамына еніп, олардың мағынасын дәлелдеуге қатысқанмен, сөйлемдегі басқа сөздерге ешқандай қатысты болмайды. Олар сөйлем атаулыға тигізетін мағыналық әсеріне және қандай сөздерден жасалуына қарай үшке бөлінеді:

- қаратпа сөз;
- қыстырма сөз;
- одағай сөз.

Қаратпа сөз. Жазушы мен сөйлеуші кейде өз ойын біреуге я бірдемеге арнай айту мақсатымен сөз не сөз тіркесін пайдаланады. Мұндай жағдайда ойы арнайы айтылып тұрған адамның немесе нәрсенің аты ерекшеленіп аталады да, ол сөзге ой екпіні түседі. Қаратпа сөз сөйлемнің басында, ортасында, аяғында кездесе береді. Мысалы:

Қ.с., _____ . Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат. (Абай)
 _____, Қ.с., _____ . Кел, балалар, оқылық. (Б.Алтынсарин)
 _____, Қ.с. Сөйлей бер, ақ домбырам күмбірлеген.

Қыстырма сөз – сөйлемдегі басқа сөздермен байланыспай, белгілі бір сөйлем мүшесінің қызметін атқармай, сөйлемде айтылған ойға айтушының түрліше көзқарасын білдіретін сөздер тобы.

Мағынасы	Мысалдар
Көңіл-күй, ішкі сезім	<u>Биыл, несін айтасың</u> , егіннің шығымы өте жақсы болды!
Сену, мойындау, мақұлдау	Осының бәрін ол, <u>арине</u> , жалғыз істей алмайды. Бәріміз, <u>шынында</u> , жас едік.
Ойдың кімнен шыққаны	<u>Асанның айтуынша</u> , ол өзін өте әдепті ұстапты.
Басқаның не айтушының сенер-сенбестігі	<u>Меніңше</u> , бұл - өте мықты адам. <u>Қарттардың айтуына қарағанда</u> , биыл ауа-райы жақсы болады.
Ой тәртібі	Оқуға түсуге, <u>біріншіден</u> , қаражаты жоқ, <u>екіншіден</u> , білімі жетпейді.
Ойды жалғастыру, қорыту	<u>Ұзын сөздің қысқасы</u> , мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл.
Сөйлем түрінде келетін формасы	Оған менің <u>Хасен</u> деген досым (<u>бұл кісі жайында мен саған айтқанмын</u>) дереу хат жазыпты.

№ 1 – жаттығу. Мына сөйлемдер ішінен қаратпа сөздерді тауып көрсет.

1. Анау тағаны, балам, ала жүр.
2. Оқысаңыз, балалар, шамнан шырақ жағылар (Б.Алтынсарин).
3. Сәлем, Абзал, хал-жағдайың қала?
4. Ләззат, аудиторияда кім бар?
5. Ай, хан Абылай, Ақсақалдан жақсы жоқ, Халқын жиып ептесе, Нар түйеден күшті жоқ, Көтере алмай жүгін Батпаққа келгенде шөкпесе (Бұқар жырау).
6. Балалар, ойыншықтарыңды жинаңдар!
7. Марал, сен дастарханды жина, ал сен, Мадина, ыдыс-аяқты жу.
8. Әке, ертең мектепте атааналар жиналысы болады.

№ 2 – жаттығу. *Көркем әдебиет шығармаларынан қаратпа сөздің сөйлемдегі 3 түрлі позициясына мысал келтір.*

№ 3 – жаттығу. *Мына сөйлемдер ішінен қыстырма сөздерді тауып көрсет, олардың қандай мағына беріп тұрғанын түсіндір.*

1. Рас, мен осы кісімен бір мектепте оқығанмын. 2. Шынымды айтсам, өзің бір қызық адам екенсің. 3. Жалпы, айтқаныңыз дұрыс. 4. Мүмкін, мен оны білермін. 5. Әрине, берілген тапсырмаңыз уақытыңды орындалады. 6. Сеніңше, мына көйлектердің қайсысын алғаным жөн? 7. Шынын айту керек, жалқаумын, оны мойындаймын. 8. Жасыратыны жоқ, соңғы кезде жұмысым өте көп.

№ 4 – жаттығу. *Көп нүктенің орнына қажетті қыстырма сөздерді жаз.*

1. ..., домбыраны жақсы тартады. 2. ..., мұныңыз қалай? 3. ..., ертең боспыз. 4. ..., ақшасы жоқ. 5. ..., мен оны өз көзіммен көрдім. 6. ..., сені кім шақырды? 7. ..., баласы нашар оқиды.

№ 5 – жаттығу. *Сөйлемдері толықтыр.*

1. Шынымды айтсам, 2. Расында, 3. Бәсе, ... ! 4. мүмкін. 5. ... шығар. 6. Әрине, 7. ..., несін айтасың! 8. Мұғалімнің айтуынша, 9. Меніңше, ... 10. Сонымен, ... ?

№ 6 – жаттығу. *Көркем әдебиет шығармаларынан қыстырма сөздерге бір-неше мысал келтір.*

§ 9. Диалог. Төл сөз. Төлеу сөз.

Диалог – екі я одан көп адамның сөйлескен сөздері. Диалогті сөйлемдер бас әріппен басталады да, алдынан сызықша қойылады. Мысалы:

Отқа жақын отырсаң қайтеді?

Отқа жақын отырған адам тоңзақ болады дейді.

Күн суық қой.

Мен тоңзақ емеспін, үйренгенмін. (Ғ.Мүсірепов)

Сөйлеуші кейде өз сөзінің ішінде басқа біреудің сөзін не ойын қатыстырып айтып не жазып отырады.

Төл сөз – біреудің сөзін сөйлеуші бұлжытпай ешқандай өзгеріс жасамай, үтір, нүктесіне дейін солай қолданған сөз. Мысалы: «Біз өзіміз оқытар жас ұрпақты ана тіліне үйретуге тиістіміз», - деді баяндамашы.

Төлеу сөз – сөйлеуші өз сөзінің ішінде басқаның сөзін өзгертіп, жалпы ойын, мазмұнын ғана сақтап айтқан сөз. Мысалы: Баяндамашы өзіміз оқытар жас ұрпақты ана тіліне үйретуге тиісті екеніміз туралы айтты.

Автор сөзі – төл сөзді де, төлеу сөзді де басқаға жеткізетін, түсіндіріп беретін сөз.

Төл сөзді сөйлемнің құрылысы, негізінен, төрт түрлі болады:

<i>Төл сөз автор сөзінің алдынан келеді.</i>	<i>«Т», - а.</i>	<i>Егер төл сөз автор сөзінен бұрын айтылса, ол бас әріппен басталып, тырнақшаға алынады, соңынан үтір мен сызықша қойылып, автор сөзі кіші әріппен жазылады.</i>	<i>«Баланың жұмысы қиын болғандықтан көмектестім», - деді әкесі.</i>
<i>Төл сөз автор сөзінің соңынан келеді.</i>	<i>А: «Т».</i>	<i>Егер төл сөз автор сөзінен соң айтылса, автор сөзі бас әріппен басталып, соңынан қос нүкте қойылады, төл сөз тырнақшаға алынып, бас әріппен жазылады.</i>	<i>Мұғалім былай деді: «Абай – қазақ халқының мақтанышы, сүйсінерлік адал ұлы».</i>
<i>Төл сөз автор сөзінің ортасында келеді.</i>	<i>А: «Т», - а.</i>	<i>Егер төл сөз автор сөзінің ортасында келсе, төл сөздің алдынан келген автор сөзі бас әріппен басталып, сол бөліктің соңына қос нүкте қойылады, төл сөз бас әріппен басталып, тырнақшаға алынады, одан кейін үтір мен сызықша қойылып, автор сөзінің екінші бөлігі кіші әріппен жазылады.</i>	<i>Киізі қырық жамау күркесіне келіп Жиренше: «Қайран менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім», - деді.</i>
<i>Төл сөз автор сөзінің екі жағынан келеді.</i>	<i>«Т, - а, - т».</i>	<i>Егер төл сөз автор сөзінің екі жағынан келсе, ол бас әріппен басталып, тырнақшаға алынады, сол бөліктің соңынан үтір мен сызықша қойылады. Автор сөзі кіші әріппен жазылады. Одан кейінгі төл сөздің екінші бөлігі үтір мен сызықшадан кейін кіші әріппен жалғасады да, тырнақша жабылады.</i>	<i>«Кішкене Кентай, - деді майор, - тез бар, линия үзіліп қалды, қалпына келтір».</i>

№ 1 – жаттығу. Мына диалогтарды оқы. Осы үлгілер бойынша өзің қалаған тақырыпта диалог құрастырып жаз.

- I. - Сәлеметсіз бе? Келіңіз, танысайық! Менің аты-жөнім Айман Дәулетбайқызы. Сіздің аты-жөніңіз кім?
- Менің аты-жөнім Серова Марина. Сіз бізге қай пәннен сабақ бересіз?
 - Мен сіздерге қазақ тілін үйретемін. Сіз қай топта оқисыз?
 - Мен «Қаржы және несие» тобында оқимын.
- II. - Сәлем, менің аты-жөнім Алиева Мадина. Сенің аты-жөнің кім?
- Менің аты-жөнім Мамедова Карина.
 - Менің ұлтым әзірбайжан. Ал сенің ше?
 - Менің ұлтым өзбек.
 - Мен Ақтауда тұрамын. Сен қайда тұрасың?
 - Мен Өзбекістан Республикасынан, Ташкент қаласынан келдім.
 - Біз енді курстас боламыз. Танысқаныма қуаныштымын.
 - Мен де танысқаныма қуаныштымын.

№ 2 – жаттығу. *Көркем әдебиет шығармаларынан диалогқа мысалдар келтір.*

№ 3 – жаттығу. *Мына төл сөзді сөйлемдердің тыныс белгілерін қойып жаз да, схемаларын сыз.*

1. Мамандар айтады Табылған деректерге сүйіне отырып бұл қалашықтың Дағыстан Әзірбайжан аумағымен байланыста болғанын айтуға болады. 2. Келген кісі қайта-қайта секретарь келіншекке қарап сұрай береді Нәкең бо-сады ма? 3. Өзге елде Қасенге былай деді Бүгін Аққасқа не өлсін не өлтірсін Осыдан басқа жерге итіңнің керегі жоқ тіпті. 4. Жәңгір Орынбор губернато-рына жолдаған хаттарында хабарлаған Исатай түзелмейтін Махамбеттің ық-палында жүр Махамбет көтерілістің негізгі дем берушісі. 5. Шығыс Европа-ның үздік атағын алған Ресей балуаны Мұқан Мұңайтпасов деді басқару-шы. 6. Ерлік мінезден істен көрінеді дейді Махамбет Өтемісұлы. 7. Бай сіздің қиналып отырғаныңыз маған әбден батты Көнбеген балаңызды қояйық мы-нау көршіңіздің қызының қалыңмалын төлеп алып берсеңіз болады деді отырған Жиренше. 8. Мына ауылға барып жылынайық деймін Күсебайға. 9. Мен айтты де Алдын алсын лаңның деп әжем саңқ-саңқ сөйледі Әдекең қа-дап айтты де. 10. Сен Сисенбайға тарт деді Есіркепке бет бұрып айт бүгінгі әңгімені. 11. Ол ұят деді сол қазақ қарт Өлсең де ожданнан безінбе. 12. Сол тасыңнан өзі пайда бар ма деді қатар отырған қоңқақ мұрынды Абыл қарт Маған біреуін әкеп берсеңші. 13. Шыңғыс Айтматов Тіл жоқ жерде ұлт жоқ деді. 14. Әмірхан Менің жүрмеген жерім, көрмеген елім бар ма? деп әңгіме-сін бастады. 15. Шыңғысхан қаһарланып Бүкіл қол қырылса да Отырарды алу керек деді. 16. Бөгде кісі мезгілсіз уақытта кеп мазалағаны үшін кешірім сұ-рады да келесі сөзінде Еламанға Сен сақ бол деп ескертті.

№ 4 – жаттығу. *Берілген сөйлемдерді схемалар бойынша кестеге толтыр.*

<i>А: «Т».</i>	<i>«Т», - а.</i>	<i>А: «Т», - а.</i>	<i>«Т, - а, - т».</i>
<i>Абай атамыз былай деді: «Мен жазбай-мын өлеңді ермек үшін».</i>	<i>«Аты Төлеген екен, Жібегін іздеп жүр-ген көрінеді», - деп күлісті құрбылар.</i>	<i>«Әке! – деді Ер Төс-тік, - мына жерде киік жүр екен».</i>	<i>Ақсақал: «Сен өзің сезімтал екенсің», - деді.</i>
...

1. Бекболат кеткен соң қасындағылардың түсіне алмай, таңырқап отырғанын біліп, Абылай: «Мана мен Бекболатқа сен бір төбе, бұлар бір төбе дегеніме намыстанғандай болдыңдар-ау, намыстансаңдар, Бекболаттың келіп-кетуімен не сезіп отырсыңдар? Жаңа не айтып кетті?» - депті. 2. «Ордаға төнген көпті көрген соң, - деп жазды ақынның өмірбаянын тұңғыш жазушы Халел Досмұ-хамедұлы, - хан шошып кетіп, қашпақшы болды». 3. «Адам тілі тас жарар, тас жармаса бас жарар», - деді хан. 4. Қарабас күліп былай деді: «Күнәң аз болса, күн есепте!». 5. Педагог Абай өз тәжірибесіне сүйеніп айтқан сияқты:

«Закон күші қолымда болса, адам мінезін түзеуге болмайды деген кісінің тілін кесер едім». 6. Абай атамыз былай деді: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей». 7. «Әй, шақшам қайда?» - деді шал ұйқылы-ояу жатқан кемпіріне. 8. «Шалды қара, тұра алмай жатыр», - деп, кемпір шиқылдап күліп жібереді. 9. «Қызым-ау, маған ана тұрған самаурынды алып берші», - деді тоқсанға келген кемпір немересіне. 10. Екінші батальонның командирі телефонмен: «Өзіммен жеті-ақ адам қалды, не бұйырасыз?» - деді. 11. Жиырма шақты минуттан кейін үшінші батальонның командирі телефонмен: «Жалғыз-ақ өзім қалдым. Не бұйырасыз?» - деді. 12. «Ата, бүгін біздікіне қонатын болдыңыз, - деді келіншек, - шай қояйын». 13. Еламан бойын жиып ап: «Жоқ-қ! Біз баланы жерлемей, мұз үстіне шықпаймыз!» - деп, бұрылып жүре берді. 14. Айша жастықты алып жантайып жатып: «Менен қысылмай арманды сөздеріңнің бәрін айтысып қалыңдар. Күнде мұндай уақыт кез келе бермейтінін білесіңдер ғой!» - деп күліп қояды. 15. «Жолдас өкіл, - деді тапал бойлы сары кісі, - кәлектипке еріксіз кірген кісілер шыға алады деп жазыпты газетке, соны сіздер қолданасыздар ма?».

№ 5 – жаттығу. *Көркем әдебиет шығармаларынан төл сөзді сөйлемнің 4 түрлі құрылысына мысалдар келтір.*

№ 6 – жаттығу. *Төл сөзге мысал келтір, оны төлеу сөзге айналдыр.*

§ 10. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі.

Сөздердің орын тәртібі дегеніміз – сөз тіркестер мен сөйлемдердегі сөздердің белгілі тәртіппен орналасуы. Қазақ тілі мен орыс тіліндегі сөздердің орын тәртібі әр түрлі. Орыс тілінде ол еркін болса, қазақ тілінде – тұрақты, яғни сөздердің сөйлем ішінде еркін орналасу мүмкіндігі шектеулі.

1. *Бастауыш әрқашан баяндауыштың алдында орналасады: Қар жауды.*
2. *Баяндауыш сөйлемнің ең соңында орын алады: Мұз қатты.*
3. *Анықтауыш анықтап тұрған сөзінің алдында тұрады: Жауынды күз келді.*
4. *Толықтауыш пен пысықтауыш басыңқы сыңарларының (яғни толықтап, пысықтап тұрған сөздің) алдынан орын алады: Қамар кітапты кітапханадан алды.*

Инверсия, немесе әдеттегідей сөздердің орын тәртібінен ауып кету, өте сирек, ең бастысы, логикалық екпін құралы ретінде, сондай-ақ өлең шумақтарында рифма мен ритмнің құралы ретінде кездеседі.

№ 1 – жаттығу. *Орны ауыстырылып берген сөздерді дұрыс орналастырып сөйлем құрап жаз. Мәтінді орыс тіліне аудар.*

Балапан мен мысық.

Айы, келді, наурыз. Жасады, ұя, қараторғайға, балалар. Да, ұя, құстарға, дайындады, Асан. Болды, пайда, үш, бір, балапан, күні, ұяда. Құлап, тамақ, шешелері, аш, әкелуге, балапандардың, жерге, кеткенде, біреуі, түсті. Жақындай, мысық, ала, оны, балапанға, көріп, түсті. Балапанын, шырылдай, қараторғайлар, айнала, ұшып, болды, көмек, Асаннан, сұрағандай. Тастады, дейін, ол, ала салып, қолына, біраз, қуып тастады, жерге, шыбық, мысықты. Ұясына, апарып, жерде, салды, балапанды, жатқан. Басты, әсем, қараторғайлар, шат-шадыман, әуенге, болып.

№ 2 – жаттығу. *Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі ережелерін сақтап, мәтінді орыс тіліне аудар.*

Түйеқұс.

Түйеқұс – ең үлкен, ең күшті құс. Оның бойы үш метрге шейін барады. Ауырлығы сексен килограмм шамасында болады.

Түйеқұс ұшпайды. Себебі оның қанаты қысқа болады. Бірақ ол өте жылдам жүреді. Сағатына қырық километр жер жүре алады.

Түйеқұс Африканың ыстық даласын мекен етеді. ол түрлі дән, жеміс және қоңыздар мен кесірткілерді жеп күнелтеді.

Оның жұмыртқасының салмағы бір килограмм шамасындай болады.

Түйеқұс жұмыртқасын түнде ғана басады, күндіз күннің көзіне ашық тастап кетеді.

№ 3 – жаттығу. *Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі ережелерін сақтап, мәтінді қазақ тіліне аудар.*

Софья Ковалевская.

Ученики слышат о С.В.Ковалевской чаще, чем о любой другой женщине-математике. Девочку, если только она способный математик, одноклассники называют «наша Софья Ковалевская». Имя Ковалевской является, прежде всего, символом щедрого таланта и самобытного характера. В Софье Васильевне жили математик и поэт. Они одновременно родились, росли, писали научные работы и стихи, читали лекции в Стокгольме.

Сөздік:

Чаще – жиі

Прежде всего – ең алдымен

Щедрый – жомарт

Самобытный характер – өзіндік мінез-құлқы

§ 11. Орфография.

Орфография - это:

- Система правил правописания слов;

- Раздел науки о языке, который определяет единообразные способы передачи на письме слов с помощью буквенных и небуквенных графических средств

(дефисов, пробелов, черточек).

Бас әріппен жазылатын сөздер - Правописание слов с заглавной буквы. Все группы собственных имен - имена собственные, топонимы, гидронимы, названия городов, стран, направлений света, континентов, созвездий, планет, знаков Зодиака, названия органов власти и общественных организаций, правительственных документов, наград, должностей и званий и многое другое пишутся с заглавной буквы. Вместе с тем употребление заглавных букв имеет следующие особенности и исключения:

- В составном имени с маленькой буквы пишется определение, находящееся на втором месте — Баян сұлу, Ақан сері.

- В составных географических названиях слова озен, қала, теңіз, алаң и т.д. пишутся с маленькой буквы. Например: Маңғыстау облысы, Актау қаласы, Каспий теңізі.

- В названиях международных, республиканских и др. учреждений, организаций, партий, должностей, званий слова, обозначающие родовые понятия (партия, қоғам, министрлік и т.д.) пишутся с маленькой буквы. Например: Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан мұсылман әйелдері қоғамы.

«И» әріпінің емлесі – Правописание буквы «И». Буква И обозначает на письме звуки твердых и мягких основ, поэтому трудные случаи написания этой буквы следует запомнить. Например: тиін -тиын, қисық, жиі, шикі и т.п. Следует помнить об исключении — правописании слов сый, тый и их производных. Например: Сый — сыйлық, сыйымды, сыйла, сыйлау. Тый - тыйым, тыйылу, тыйыл, тыйылмайды.

«Ы», «І» әріптерінің жазылу емлесі — Правописание букв «Ы», «І». Буквы Ы, І, находящиеся в последнем слове слова, иногда опускаются, если присоединяемый аффикс начинается с гласной буквы. Например: әріп -әрі, ойын — ойны, көрік — көркі. Но: есік — есігі.

«Ү», «Ұ», «Ө», «О» әріптерінің жазылу емлесі – Правописание букв «Ү», «Ұ», «Ө», «О». Действующая гармония гласных Ү, Ұ, Ө, О по участию губ создает определенный фонетический рисунок слова, но не отражается на письме. Поэтому следует помнить о различии между произношением и написанием слов, типа бүрсігүні, жұлдыз, үміт, құндыз, үлгі, күндіз, ұзын, бүгін, жұмысшы и др.

«У» әріпінің емлесі — Правописание буквы «У». Буква У отражает на письме несколько разных звуков в твердых и мягких основах, поэтому правописание многих слов следует запомнить и проверять по орфографическому словарю. Например: ру, ту, өсу, ету, ұру, басу, тану. Следует помнить также о правописании удвоенного У в неопределенной форме глаголов, основа которых заканчивается на У. Например: буу, туу, қуу, ауу, суу, жуу, сауу.

Қатаң дауыссыз бен ұяң дауыссыздардың емлесі – Правописание глухих и звонких согласных. Прогрессивная ассимиляция, регулирующая выбор фонетического варианта аффикса при формообразовании, сказывается также на произношении звуков двух соседних морфем или слов. Следует иметь в виду, что правописание таких слов, как ала кел, кез келді, алып

бер проявляется тенденция к сохранению орфографического облика морфем и слов. Тем не менее, существуют и случаи параллельного написания некоторых слов, возникшие под действием фонетического принципа письма. Например: Амангелді - Аманкелді, Ботагөз - Ботакөз. Не отражаются на письме случаи регрессивной и прогрессивно-регрессивной ассимиляции, типа күн көру, басшы, көз салу и т.п. Вместе с тем следует помнить об орфографии основ жап — жабу, жауып; тап — табу, тауып; қап — қабу, қауып и др., в которых происходит отражаемое на письме изменение глухой согласной (выпадение и озвончение) под действием последующего гласного звука.

Сөздердің бірге жазылу емлесі – Слитное написание слов. Слитно пишутся следующие группы слов:

- сложные имена существительные, образованные сложением основ и приобретающие новое значение, отличающееся от значения компонентов. Например: әуежай, жанұя, ақсақал, атазаң и др.

- имена собственные (фамилии), образованные с помощью ұлы, қызы. Например: Бақыт Ермекқызы, Мұрат Сұлтанұлы.

- сложные местоимения, образованные сложением основ местоимения и числительного. Например: ешбір, әлдеқайда, әрбір, бірнеше и т.д.

- сложные глаголы, образованные сложением основ, сопровождавшимися фонетическими изменениями, типа әкел (алып кел), апар (алып бар), сөйт (солай ет), өйт (олай ет), түрегел (тура кел), бүйт (былай ет).

- сложные имена прилагательные, образованные присоединением двух основ. Например: өркөкрек, есалаң, сөзқұмар и др.

- сложные наречия (часто основы сложных наречий могут восприниматься как производные). Например: таңертең, былтыр, ендігәрі, әрдайым, әжептәуір, бірталай, жаздыгүні, түнеугүні и др.

Сөздердің дефис арқылы жазылу емлесі – Написание слов через дефис. Через дефис пишутся:

- имена существительные, образованные повторением основ (одинаковых основ, основ из одного лексико-семантического поля, звукоподражательных комплексов). Например: бет-ауыз, қол-аяқ, әке-шеше, бала-шаға и т.д.

- группирующие и предположительные числительные, образованные повторением одной своей части. Например: бес-бестен, он-он екіден, жүз-жүздеген, бір-екі, бес-алты и т.д.

- если после числительных, записанных цифрами, следуют окончания, а также аффиксы — даған, -деген, -таған, -теген, -лаған, -леген. Например: 18-де, 60-та, 40-тан, 30-ы, 15-піз, 100-деген, 20-лаған и др.

- неопределенные и отрицательные местоимения, образованные присоединением основы или ее фонетического варианта. Например: бірде-бір, кімде-кім, біреу-міреу, бірде-біреу и др.

- сложные глаголы, обладающие единством лексического значения и образованные присоединением глагольных основ. Например: ойнап-күлу, ұрып-соғу, сылап-сипау, бағып-қағу, жылап-еңіреу, үйіп-төгу, қырып-жою.

- сложные прилагательные, образованные повторением той же основы, или

ее фонетического варианта, присоединением разных слов одного лексико-семантического поля. Например: ұзын-ұзын, әдемі-әдемі, апалы-сіңлілі и др.

- усилительная степень сравнения прилагательных, образуемая удвоением первого слога или первой гласной буквы и прибавлением к ним -п.

Например: үп-үлкен, кіп-кіші, әп-әдемі, жап-жақсы, қап-қара, сұп-сұлу и др.

- сложные наречия, образованные повторением той же или присоединением другой основы. Например: ауызба-ауыз, көзбе-көз, бет-бетімен, қолма-қол, бетпе-бет, анда-санда, күні-түні, бостан-босқа, әлсін-әлі, сөзбе-сөз и др.

- усилительные частицы -ау, -ақ, -ай, ограничивающая частица – ақ, частицы со значением приблизительности – мыс, -міс, -ау, -екеш, уточняющие частицы – ды, -ді, -ты, -ті, присоединяясь к разным частям речи. Например: сен-ақ, солай-ау, көрдім-ай, құлыным-ау, айналайын-ай и др.

- многочисленные сложные подражательные слова, образованные повторением той же основы или ее фонетического варианта. Например: гу-гу, сарт-сұрт, зыр-зыр, тарс-тұрс, салдыр-гүлдір, сықыр-сықыр и др.

- междометия, образованные повторением той же основы или ее фонетического варианта. Например: тәй-тәй, қаз-қаз, пай-пай-пай, шөре-шөре и др.

Сөздердің бөлек жазылу емлесі – Раздельное написание слов.

Отдельно пишутся:

- имена существительные, образованные путем идиоматизации словосочетаний. Например: ауа райы, ауыл шаруашылық, аяқ киім и др.

- сложные числительные. Например: бір мың елу, сегіз жүз, он екі и т.п.

- слова еш, бір, әр, кей, әлде со всеми частями речи, за исключением местоимений. Например: еш адам, әр күні, әлден соң, әр уақытта, әр кез, әр адам, бір талай и т.д.

- многочисленные глаголы, образованные сочетанием основ существительного, прилагательного, звукоподражательного слова с вспомогательным глаголом, создающих единицу с новым значением и цельную в грамматическом, словообразовательном и синтаксическом отношении. Например: таң ату, бұршік ату, күн көру, бет алу, көз тию, жақсы көру, жалп ету, тарс ету, зу ету, өмір сүру, ғұмыр кешу и др.

- имена прилагательные, представляющие собой идиоматизированное словосочетание. Например: көк ала, биік бойлы, сары шұбар, жел өкпе, тас бауыр, су жүрек, жел аяқ, қара ала, қызыл күрең и др.

- наречия, представляющие собой идиоматизированные словосочетания. Например: күн ұзаққа, ала жаздай, ертеден қара кешке, жеті түнде, күні ертең и др.

№ 1 – жаттығу. Көп нүктенің орнына И, Й, Ы әріптерінің тиістісін жаз. Мәтінді аудар.

Жәндіктер қысқа қалай қамданады.

Қыр ха...уандары қыс таянғанын сезеді де, ерте бастап қам қылады. Кірпі мен тышқан інге кіріп, қыста қатты ұ...қыға кетеді. Кірпі жапырақ ж...нап, соған оранады. Тышқан қу шөпке оранып, бүрісіп жатады.

Т...ін ағаштың қуысына тығылады. Ол қара күздің басынан ағаштың

бүршігін, жаңғағын, саңырауқұлақты ж...нап алады. Қыстың күні соларды же...ді де, ұ...ықтайды. жарғанат баспаналы жерге кіріп, тырнағымен бірдеңеге жабысып, басын салбыратып жаз шыққанша ұ...қыда болады.

Ж...лан, шаян, кесіртке, бақалар тас астына, ағаш түбіне, жылы жерге кіріп жазға де...ін ұ...ықтайды. қоңыз, құрт, сүліктер де осыған ұқсас қысқы ұ...қыға кетеді. Балықтар ғана тереңде, су түбінде қыста...ды.

Қа...та қоян қыстай ақ қарды алас ұрып, жүгіріп тамақ іздеп жүргені. Шөп аршып же... ме, ағаштың қабығын кеміре ме, қырманның тұқымын тере ме, ә...теуір, бірдеңе қылады. Адам қам жемесе, ү... ха...уанаттарының да қыста бабы келме...ді.

№ 2 – жаттығу. Мына сөздерге 3 жақ тәуелдік жалғауларын жалғап жаз. Олармен сөйлем құрастыр.

Үлгі: Ойын – ойны. Қазақ халқының ұлттық ойындарына «көкпар», «қыз куу», «алтыбақан» т.б. жатады.

Ойын, әріп, көрік, мүлік, ерін, мінез-құлық, мойын, орын, мұрын.

№ 3 – жаттығу. Көп нүктенің орнына Ұ-Ы, Ү-І әріптерінің тиістісін жаз.

Т...йе.

Т...йе – шөл даланың ең төз...мд... көл...г... . Адам баласына т...йенің пайдасы аса зор. Алдымен, ол к...шті, шөлге, суыққа, желге төз...мд... . Бірнеше к...ндік шөлдерден ...стіндегі ж...гін ауырсынбай ж...ре береді.

Т...йенің с...ті қою болады. Оның с...тінен қымыз сияқты сусын ашытады. М...ны ш...бат деп атайды.

Т...йенің ж...ні шуда және ж...н болып екіге бөл...неді. Шуда дегеніміз – т...йенің мой...н астына, желкес...не, екі т...зесінің жоғарғы жағына шығатын ұз...н қ...лшықты ж...н. Т...йенің ж...ні ешкінің т...бітіндей биязы, ж...мсақ болады. Б...л ж...ннен жіп и...реді, алаша, қап, қолғап тоқиды. Т...йе ж...ні жылы болады.

Айыр т...йе екі өркешті болады. Нар т...йе жалғыз өркешті болады. Нар т...йелердің ж...йрік, ж...рдек т...қымы болады. М...ны желмая дейді. Олар к...ніне ж...з қырық километр жер алады.

Т...йе суда да ж...зе біледі. Бірақ ол бір жақ б...йіріне көлбеп ж...зеді.

№ 4 – жаттығу. Мына сөздердің айтылуы мен жазылуына назар аудар. Формаларын өзгертіп, олармен сөйлем құрастыр.

Үлгі: Туу – тудым (родился). Мен Ақтау қаласында тудым (Я родился в городе Ақтау).

Буу (завязывать, связывать), туу (родить, родиться, взойти), куу (догонять), ауу (сваливаться, опрокидываться, переходить), суу (остывать), жуу (мыть), сауу (доить).

№ 5 – жаттығу. *Жақша ішіндегі сөздерді дұрыс жаз (бірге, бөлек немесе сызықша арқылы).*

1. Менің аты (жөнім) – Мұқанова Әлия Амантай (қызы). Сіздің атыңыз кім? – Менің аты (жөнім) – Сұлтанов Мейірбек Талғат (ұлы). 2. Сіздің от (басыңызда) неше адам бар? 3. Біздің жан (ұямыз) өте тату. 4. Менің қызым № 60 «Ер (Тостик)» бала (бақшасына) барады. 5. Әкем қой (етінен) дайындаған кәуапты жақсы көреді. 6. Қаламызда жылдан жылға жаңа шағын (аудандар) көбейіп жатыр. 7. Былтыр Ақтау қаласының әуе (жайы) қазіргі заманға сай жөндеуден өтті. 8. Біздің қаламызда әрі үлкен, әрі әмбебап спорт (кешені) жоқ. 9. Тамағыңызға салқын тисе, қайнаған сүтке сары (май) қосып ішіңіз. 10. Бүгінгі жиналыстың күн (тәртібі) – студенттердің сабаққа қатысы мен үлгерімі. 11. Әр (қашан) күн сөнбесін, аспаннан бұлт төнбесін, қасымда болсын мама, болайын мен де аман! 12. Ауылдың қыз (келіншектері) мерекеге дайындалып, үйлерін әктеп жатыр. 13. Нағиманың апасы өр (көкірек), сөз (құмар) адам екен. 14. Жазды (күні) біз жан (ұямызбен) шипа (жайда) демаламыз. 15. Азамат пен Айгүл ата (анасынан) бөлек тұрады.

§ 12. Пунктуация.

Пунктуация - это:

1. Система знаков препинания;
2. Раздел языкознания, изучающий знаки препинания и правила их употребления на письме.

Тыныс белгілері. - Знаки препинания.

<i>Графикалық белгісі (графическое обозначение)</i>	<i>Қазақ тіліндегі атауы (название на казахском языке)</i>	<i>Орыс тіліндегі атауы (название на русском языке)</i>
.	нүкте	точка
,	үтір	запятая
;	нүктелі үтір	точка с запятой
:	қос нүкте	двоеточие
...	көп нүкте	многоточие
!	леп белгісі	восклицательный знак
?	сұрақ белгісі	вопросительный знак
-	дефис	дефис
–	сызықша	тире
?!,-	қабаттаса келетін тыныс белгілері	сочетание знаков
« »	тырнақша	кавычки
()	жақша	скобки

Точка (нүкте) ставится:

- В конце повествовательного предложения. Например: Ақан серінің әндері мен өлеңдері жастық, сұлулық, махаббат, өнер, жүйрік ат, табиғат туралы жазылған.

- Когда в сокращенном виде берутся начальные буквы собственных имен, фамилий, названия книг, газет, журналов. Например: Мен «Жас алаш» («Ж.А.») газетін оқимын.

Запятая (үтір) ставится:

- Между однородными членами предложения. Если между однородными членами имеется одиночный союз және, мен, бен, пен, я, я болмаса, әрі, әлде, не, немесе, то запятая перед ними не ставится. Если эти союзы (кроме және) стоят перед каждым однородным членом, то однородные члены разделяются запятыми. Например: Дүкенде май, ірімшік, сүт, ет, қаймақ сатып жатыр. Базарда өрік пен мейіз, алма мен алмұрт сатады.

- Если в предложении употреблено обращение, вводное слово и междометие. Например: Әсия, сен бүгін бізге кел. Әрине, бүгін барамын. Әй, қайдан білейін, мен оған сенбеймін.

- Части или простые предложения в составе сложного отделяются друг от друга запятыми. Например: Ақан сері ақын ғана емес, асқақ әншілік, орындаушылық өнерімен танылған өзгеше дарын, сондықтан сері атанған.

- Если слова автора стоят внутри прямой речи, то впереди и после них ставится запятая и тире, а прямая речь продолжается с маленькой буквы. Например: - Жақсы кездестің, - деді Сатан, - сені іздеп бара жатыр едім.

Двоеточие (қос нүкте) ставится:

- Если обобщающее слово стоит впереди однородных членов предложения. Например: Жылдың төрт мезгілі бар: көктем, жаз, күз, қыс.

- Если слова автора стоят перед прямой речью. Например: Әжем келіп: «Әсем, тез біздің үйге жүр», - деді.

Восклицательный знак (леп белгісі) ставится: в конце восклицательного предложения. Например: Абай ойлана отырып, Татьяна хатына үңілді. - Неткен айтқыш тіл! Тіл емес, жүректің лебі. Қандай нәзік тереңдік!

Вопросительный знак (сұрақ белгісі) ставится: в конце вопросительного предложения. Например: Ақын М.Дулатовтың «Оян, қазақ» атты өлеңдер жинағы қай жылы шықты?

Тире (сызықша) ставится:

- Между подлежащим и сказуемым, если они выражены существительными в Именительном падеже. Например: Абай - ақын. Оқу – білім бұлағы.

- Между подлежащим и сказуемым, если они выражены именными частями речи и отвечают на вопросы кім? не? Например: Бұл – біздің атамыздың үйі. Үш – тақ сан.

- В неполных предложениях, в которых пропущен какой-либо член предложения – часто сказуемое. Например: Ақыл – жастан, асыл – тастан.

- При диалогической речи. Например: - Қайдан келесіз? - Ауылдан.

- Если между подлежащим и сказуемым есть слово-связка дегеніміз (дегенім, дегенің, деген). Например: Көрдім деген - көп сөз.

- Если обобщающее слово стоит после однородных членов предложения. Например: Мектеп бітіру кешімізге директор, оқу ісінің меңгерушісі, класс жетекшіміз, мұғалімдер – бәрі келді.

Кавычки (тырнақша). В кавычки берутся цитаты, прямая речь, названия фабрик, заводов, газет-журналов, книг, марки машин, самолетов и т.д. Например: «Жұлдыз» журналы, «Ил-18» самолеты, «Абай жолы» романы т.б.

№ 1 – жаттығу. Мәтінді оқып, аудар. Ондағы тыныс белгілерінің қойылуын түсіндір.

Сәбидің дүниеге келуі.

Қай халықта да екі жас үйленіп, отау құрған соң, баласы болуын арман етеді. Өйткені бала – өмірдің жалғасы, отбасының қуанышы. Қазақ халқы да «Бала – адамның бауыр еті», «Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар» деп, ұрпақ өсіруді арман еткен. Бала дүниеге келгенде, ата-анамен туыс-жолдас – бәрі қуанышқа бөленіп, ата-баба салтына сай бірнеше той-думан жасаған.

№ 2 – жаттығу. Мәтінді оқып, аудар. Қажетті тыныс белгілерін (үтір) қойып жаз.

Шілдеhana.

Шілдеhana жасағанда сол үйде қой сойылып ауылдың кәрі-жасы бәрі бірдей келіп ет жеп сорпа ішіп өлең айтып көңілді отырады. Бүгінгі күн салты бойынша да шілдеhanaға баланың әке-шешесінің дос-жолдастары еңбектес достары туған-туыстары көршілері шақырылады. Сәбиге ізгі тілектер жылы лебіздер айтылады.

№ 3 – жаттығу. Мәтінді оқып, аудар. Қажетті тыныс белгілерін (қос нүкте, тырнақша, сызықша, үтір т.б.) қойып жаз.

Тұсау кесу тойы.

Бұл дәстүр бала қаз тұрып тәй-тәй басып жүре бастаған кезде орындалады. Тұсау кесу тойына келгендер балаға әр түрлі сыйлықтар алып келеді. Баланың шешесі өзіне ұнаған шаруаға икемді адамдардың біреуіне баласының тұсауын кесуді ұсынады. Тұсау кесуші адам Жүйрік бол Жолың ашық болсын деген тілектерді айта отырып тұсау жіпті қайшымен қияды да баланы 3-4 аттатады. Тұсау кескен адамға арнайы Тұсаукесер сыйлығы беріледі.

Қазіргі кезде де бала тәй-тәй етіп жүре бастағанда әке-шешесі туматуыстарын достарын көршілерін шақырып қонақасы береді. Баланың аяғын ала жіппен байлап тұсауын бір өздері ұнатқан пысықтау адамға кестіреді. Ондағы мақсат бала сол адам сияқты өскенде пысық болсын деген ниеттен туған. Ала жіппен байлау себебі қазақтың Біреудің ала жібін аттама деген мақалына сәйкес бала ұрлық жасамасын адал болсын деген тілекпен істелген. Кейде баланың аяғын көк шөппен де байлаған. Ондағы мақсат көк мол болсын тоқшылық болсын деген ниет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. А.Ш.Бектурова, Ш.К.Бектуров. «Қазақ тілінің грамматикасы». Алматы, «Атамұра», 2004.
2. А.Ш.Бектурова, Ш.К.Бектуров. «Қазақ тілі. Ана тілі деңгейінде үйрету құралы». Алматы, «Әділет» ЖҚМ, 1998.
3. Ш.К.Бектуров. «Қазақ тілі. Лексика. Фонетика. Морфология. Синтаксис». Алматы, «Атамұра», 2006.
4. Ш.К.Бектуров, К.А.Раисова. «Читаем газеты на казахском языке» учебное пособие. Алматы, ТОО «ИД-Эврика», 2003.
5. Ж.Н.Нығмет. «Қазақ тілі хрестоматиясы» оқу құралы. Алматы, «Білім», 2003.
6. Ж.Н.Нығмет. «Қазақ тілі». Фонетика. Жалпы білім беретін орыс мектебінің сыныптарына арналған дидактикалық материалдар. Алматы, «Нұрлы әлем», 2004.
7. Н.Оралбай, К.А.Құрманәлиев. «Қазақ тілі». Алматы, «Арыс», 2007.
8. Р.Әдісханова. «Жалғастырушы топтарға арналған оқу құралы». Алматы, 2000.
9. М.Ә.Қараев. «Қазақ тілі. Фонетика. Лексикология. Морфология. Синтаксис». Алматы, «Ана тілі», 1993.
10. К.Сариева. «Қазақ тілі. Оқыңыз, жаттығыңыз». Алматы, «Білім», 1997.
11. С.Жиенбаев, Ғ.Бегалиев, И.Ұйықбаев. «Қазақ тілі». Учебное пособие для самостоятельно изучающих казахский язык. Алматы, «Ана тілі», 1995.
12. Д.Х.Ақанова, А.М.Алдашева, З.Қ.Ахметжанова, Қ.Қ.Қадашева, Э.Д.Сүлейменова. «Ресми-іскери қазақ тілі». Алматы, «Арман-ПВ», 2002.
13. С.Е.Сарсенова. «Қазақ тілі». Экономика факультетінің жалғастырушы топ студенттеріне арналған оқу-әдістемелік нұсқау. Алматы, 2005.
14. А.А.Аймуханова. «Бастауыш топтарға арналған қазақ тілінің грамматикасы». Оқу құралы. Ақтау, 2007.
15. А.С.Бүркітбаева. «Бастауыш топтарға қазақ тілін меңгерту». Педагогикалық мамандықтағы бастауыш топ студенттеріне арналған «Практикалық қазақ тілі» пәні бойынша оқу-әдістемелік нұсқау. Ақтау, 2008.
16. Ш.С.Әбішева. «Сөз таптары». Орыс бөлімдеріне арналған көмекші құрал. Алматы, 2004.
17. Ә.Т.Жеткізгенова. «Жалғастырушы топ студенттеріне өз бетімен орындауға берілетін тапсырмалар жинағы». Әдістемелік көмекші құрал. Алматы, 2008.

Мазмұны

АЛҒЫ СӨЗ	3
СИНТАКСИС ТУРАЛЫ ҰҒЫМ.	
§ 1. Сөз тіркесі. Сөздердің байланысу түрлері	4-6
§ 2. Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері	6-8
§ 3.1. Сөйлем мүшелері. Бастауыш	9-10
§ 3.2. Баяндауыш	10-11
§ 3.3. Толықтауыш	12-13
§ 3.4. Анықтауыш	13-15
§ 3.5. Пысықтауыш	15-16
§ 3.6. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері	17
§ 4. Жай сөйлем түрлері	17-21
§ 5. Құрмалас сөйлем, оның түрлері. Салалас құрмалас сөйлем, оның түрлері	21-27
§ 6.1. Сабақтас құрмалас сөйлем, оның түрлері. Шартты бағыныңқылы сабақтас	27-28
§ 6.2. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас	28-29
§ 6.3. Мезгіл бағыныңқылы сабақтас	29-30
§ 6.4. Себеп-салдар бағыныңқылы сабақтас	30-32
§ 6.5. Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас	32-33
§ 6.6. Мақсат бағыныңқылы сабақтас	33
§ 7. Аралас құрмалас сөйлем	34
§ 8. Оқшау сөздер	35-36
§ 9. Диалог. Төл сөз. Төлеу сөз	36-39
§ 10. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі	39-40
§ 11. Орфография	40-45
§ 10. Пунктуация	45-47
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	48